На долю мер по повышению энергоэффективности приходится 13% расходов по проектам, в составе которых они реализуются. На бюджетные источники приходится 11,4 млрд. долларов, или 18% от финансирования всех расходов в повышение энергоэффективности и 2,4% от всех расходов по проектам, в составе которых реализуются меры по повышению энергоэффективности [6]. На долю бюджета приходится 6,5% расходов в электроэнергетике; 9,5% в прочих отраслях (сельское хозяйство и др.); 16% в промышленности; 47% в жилищном секторе; 1% в бюджетной сфере и сфере услуг и 11,5% на транспорте. Основным

инструментом финансирования за счет бюджетных источников стали налоговые кредиты, субсидии на НИОКР, гарантии по кредитам и прямые субсидии. На внебюджетные расходы приходится 49,5 млрд. долларов, или 81% всех расходов.

В числе основных финансовых инструментов привлечения внебюджетного финансирования в США используются:

- финансирование по схемам торговли квотами на выбросы;
- программы интегрированного энергетического планирования и управления спросом – декаплинг и стандарт на ресурс энергоэффективности;
- финансирование с оплатой из счетов за энергоснабжение;
- энергосервисные контракты и энергосервисные соглашения;
- стандартизация энергоэффективности для типового промышленного оборудования;
- программы льготного кредитования;

- схемы льготного ипотечного кредитования энергоэффективных зданий;
- льготное кредитование зеленых/энергоэффективных зданий;
- финансирование проектов по чистой энергии;
- корпоративное и потребительское кредитование;
- партнерство власти и бизнеса в разработке и продвижении на рынок новых технологий.

Китай занимает второе место в мире по расходам на повышение энергоэффективности: объем финансирования во всех секторах китайской экономики оценен равным 35 млрд. долларов ежегодно. Это лишь в 2 раза меньше расходов на эти цели всех 28 стран ЕС взятых вместе.

Потребность в инвестициях в повышение энергоэффективности на 2014-2035 годы за счет всех источников финансирования оценена равной 1566-2526 млрд. долларов с доведением инвестиций в среднем до 120 млрд. долларов в год, включая: здания – 6-10 млрд. долларов; промышленность – 8-18 млрд. долларов; транспорт – 21-91 млрд. долларов [6].

На долю мер по повышению энергоэффективности приходится 20% расходов по проектам, в составе которых они реализуются. На бюджетные источники пришлось 8,3 млрд. долларов, или 15% от финансирования всех расходов в повышение энергоэффективности и 3% от всех расходов по проектам, в составе которых реализуются меры по повышению энергоэффективности. На долю бюджета приходится 4% расходов в электроэнергетике; 24% в промышленности; 10% в жилищном секторе; 30% в бюджетной сфере и сфере услуг, 6% на транспорте и менее 1% в прочих отраслях (сельское хозяйство и др.).

Основным инструментом финансирования за счет бюджетных источников в Китае стали субсидии, на содержание региональных центров энергоэффективности и их программы, и налоговые льготы. Коэффициент финансового рычага для средств бюджета составил примерно 6:1. Коэффициенты финансового рычага составили: 3:1 для промышленности (без электро- и теплоэнергетики, или 5:1 при учете этих секторов) и 8:1 для жилых зданий. На внебюджетные расходы приходится 48,6 млрд. долларов, или 85% всех расходов [6].

На долю применения рыночных инструментов пришлось 37% экономии энергии и снижения выбросов, на долю механизмов стимулирования – 61% и еще 2% – на долю других рыночных механизмов. Другими словами, механизмы

стимулирования на 2/3 обеспечили выполнение заданий по экономии энергии.

В Европейском Союзе расходы на повышение энергоэффективности во всех секторах оцениваются в 68 млрд. долларов. На долю мер по повышению энергоэффективности приходится 17% расходов по проектам, в составе которых они реализуются. На бюджетные источники приходится 20,3 млрд. долларов, или 26% от финансирования всех расходов в повышение энергоэффективности и 4,6% от всех расходов по проектам, в составе которых реализуются меры по повышению энергоэффективности [6]. На долю бюджета приходится 11% расходов в электроэнергетике; 22% расходов в теплоэнергетике; 21% в промышленности; 25% в жилищном секторе; 40% в бюджетной сфере и сфере услуг и 38% на транспорте. Основным инструментом финансирования за счет бюджетных источников стали субсидии, налоговые кредиты, налоговые льготы, субсидии на НИОКР.

Исследование компании «Эрнст&Янг» для ЕС показало, что в среднем в год потребуется 145–208 млрд. евро для реализации программ в области энергоэффективности, значительная часть средств будет направлена в промышленный сектор. Также значительные средства могут потребоваться для транспортного сектора экономики. Успешность реализации программ в области повышения энергоэффективности связана с распределением инвестиций между государственным и частным секторами.

Коэффициент финансового рычага, то есть способность привлекать частные средства на 1 доллар, выделенный из бюджета, для программ в промышленности в среднем равен 2,3-5 против его значения 5,7 в ЕС, 5,2 в США и 3,2 в Китае, то есть на каждый доллар, вложенный государством, удается привлечь 3-6 долларов из других источников [7].

Согласно анализу зарубежной практики финансирования деятельности в сфере повышения энергоэффективности в промышленности [7]:

- на долю промышленности приходится от 12% всех расходов на повышение энергоэффективности в США и до 32% в Китае. Всего только в этих двух странах и ЕС расходы на повышение энергоэффективности в промышленности превысили 53 млрд. долл.;

- на долю мер по повышению энергоэффективности приходится 15-30% расходов по проектам, в составе которых они реализуются;

- на бюджетные источники приходится от 15% этих расходов в США до 24% в Китае. Коэф-

фициент финансового рычага в промышленности равен 5,7 в ЕС, 5,2 в США и 3,2 в Китае, то есть на каждый доллар, вложенный государством, удается привлечь 3-6 долл. из других источников;

– в этом секторе доминируют внебюджетные источники финансирования расходов на повышение энергоэффективности. В основном, это займы, лизинг, собственные средства, а также фонды энергосбережения и программы энергоснабжающих компаний.

Оценка инвестиций в энергоэффективность для Казахстана составляет 139 млн долларов ежегодно (по ценам 2012 года), что ниже в процентном выражении к ВВП чем в Европейских странах, но сопоставимо с развивающимися странами Азии, Америки и Африки.

Важно учитывать, что высвобождение энергоресурсов за счет повышения эффективности их использования обойдется экономике в три раза дешевле, чем наращивание их производства. На уровне национальной экономики капиталовложения в энергоэффективность могут окупиться всего за 2-3 года.

Для ускорения внедрения новых технологий можно использовать гранты. Как правило, гранты покрывают лишь часть общей стоимости проекта, а остальные средства инвестор должен найти сам. Впрочем, предпочтительными являются варианты кредитов и других методов привлечения средств с участием игроков рынка, которые принимают на себя определенные обязательства. Использование существующих структур также относится к факторам успеха. Государственные кредиты могут проходить через банки. Имеются многочисленные примеры этого в Восточной Европе, но идея может быть использована и на Западе. Такой метод позволяет повысить осведомленность банковского сектора, что, в свою очередь, может повлечь набор специалистов со знаниями в области энергоэффективности, обучение имеющегося персонала и, как результат, банк сможет самостоятельно предоставлять кредиты под проекты энергоэффективности.

Государственные субсидии и действия должны быть направлены на усиление рыночных мер. В конечном итоге, правительство не должно играть центральной роли. Всегда существует риск, что гранты лишат работы кредитно-финансовые учреждения частного сектора. Разработаны различные методы, совершенствующие такой метод предоставления грантов, как добровольные соглашения и программы закупок технологического оборудования, кото-

рые хорошо зарекомендовали себя, к примеру, в Нидерландах и Швеции.

Мощным средством регулирования являются налоги, с помощью которых можно повлиять на потребление электроэнергии и на инвестиции в энергоэффективность. Они могут применяться двумя способами – через налоги на энергоносители, повышающие цены на них и, тем самым, заставляющие использовать энергосберегающие методы, и, во-вторых, за счет налоговых льгот и более быстрой амортизации, которые стимулируют приток инвестиций в энергоэффективность. Налоги на энергоносители – важное средство отображения государственной политики, направленной на энергосбережение. Налоги также смогут использоваться для привлечения средств в проекты энергоэффективности. Налоговые льготы представляют собой одну из форм гранта, использующую уже существующие структуры и средства для достижения цели с сокращением административных затрат.

Следует отметить, что отсутствие инструментов, механизмов финансирования и адаптированных прогнозных моделей в рамках реализации программы повышения энергоэффективности Казахстана негативно влияет на показатели энергоэффективности секторов экономики.

Выводы

Сегодня, в условиях нестабильности энергетических рынков, волатильности нефтяных цен и перераспределения ролей на мировой энергетической арене энергоэффективность является наиболее очевидным и оперативным решением для целого ряда вопросов экономического, политического, социального и экологического характера. Помимо непосредственных выгод от более эффективного использования энергетических ресурсов, энергоэффективность способна стать драйвером создания новых рабочих мест, высокотехнологичных исследований, энергобезопасности, зеленого роста и глобального устойчивого развития. Бесспорно, оптимальный способ развития энергетики лежит через поиск синергии между методами энергоэффективности и возобновляемыми источниками энергии.

Можно отметить, что во всех странах, где наблюдаются значительные успехи в решении вопросов энергетической эффективности, решающая роль принадлежит государству. Фундаментальные проекты в сфере энергосбережения в жилищном фонде финансируются в большей степени из бюджетных средств и различных специализированных фондов.

Литература

- 1 Шматко С.И. Реализация политики энергосбережения и повышения энергоэффективности российской экономики: сб. / под ред В.А. Панкова Федеральный справочник / Топливо-энергетический комплекс России. – М., 2008.
- 2 «Россия по-прежнему является одним из «лидеров» по энергоёмкости ВВП» Интервью С.Солженицына, управляющего партнера McKinsey&Co, газете «Коммерсантъ» http://www.mckinsey.com/global_locations/europe_and_mideast/russia/ru/latest_thinking/russia_continues_to_be_a_leader_in_energy_intensity_of_gdp
- 3 Министерство Энергетики Российской Федерации: Итоги работы ТЭК России в 2014 году <http://minenergo.gov.ru/upload/iblock/e93/e93831771f897cbba393bd016bc68076.pdf>
- 4 ICTSD: СПЕЦИАЛЬНЫЙ ВЫПУСК «Группа двадцати»: мнения всех для достижения сбалансированного роста http://www.ictsd.org/downloads/bridgesrussian/bridges_ru_6-5.pdf
- 5 World Energy Investment Outlook, International Energy Agency. – Paris, 2014. – 91 p.
- 6 Башмаков И.А. Сколько, кто и где тратит на повышение энергоэффективности? Анализ зарубежного опыта и рекомендации для России // Энергоэффективность. – 2014. – №1(57). – С. 25-35.
- 7 Energy efficiency market report 2015. – Paris, 2015. – 250 p.

References

- 1 Shmatko S.I. Realizacija politiki jenergoberezenija i povyshenija jenergojeffektivnosti rossijskoj jekonomiki/ Sb pod red Pankova V.A Federal'nyj spravochnik. Toplivno-jenergeticheskij kompleks Rossii. Moskva, 2008
- 2 «Rossija po-prezhnemu javljaetsja odnim iz «liderov» po jenergoemkosti VVP» Interv'ju S.Solzhenicyna, upravljajushhego partnera McKinsey&Co, gazete «Kommersant» http://www.mckinsey.com/global_locations/europe_and_mideast/russia/ru/latest_thinking/russia_continues_to_be_a_leader_in_energy_intensity_of_gdp
- 3 Ministerstvo Jenergetiki Rossijskoj Federacii: Itogi raboty TJeK Rossii v 2014 godu <http://minenergo.gov.ru/upload/iblock/e93/e93831771f897cbba393bd016bc68076.pdf>
- 4 ICTSD: SPECIAL'NYJ VYPUSK «Gruppa dvadcati»: mnenija vseh dlja dostizhenija sbalansirovannogo rosta http://www.ictsd.org/downloads/bridgesrussian/bridges_ru_6-5.pdf
- 5 World Energy Investment Outlook, International Energy Agency. – Paris, 2014. – 91 p.
- 6 Bashmakov I.A. Skol'ko, kto i gde tratit na povyshenie jenergojeffektivnosti? Analiz zarubeznogo opyta i rekomendacii dlja Rossii // Jenergojeffektivnost'. – 2014. – #1(57). – С. 25-35.
- 7 Energy efficiency market report 2015. – Paris, 2015. – 250 p.

Дарибаева М.Ж.
**Қазақстан Республикасының
төлем балансының
құрылымын талдау**

Мақалада Қазақстан Республикасының төлем балансының теориялық негіздері, қазіргі жағдайы және өткен кезеңдермен салыстырғандағы жылдық есептері бойынша талдамалық сараптама көрсетілген. Қазіргі таңда Қазақстанның төлем балансында көптеген кемшіліктер кездеседі. Бұл – есепке алу барысында қиындық туғызатын мәмілелердің болуы, жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валюталарын ұстауы, сонымен қатар халықаралық кредиттер алудан резервтік активтердің азаюы төлем балансын қалыпты деңгейде ұстап отыруға кедергі келтіретін мәселелер. Осыған байланысты ҚР Ұлттық банкі саясатында сыртқы тепе-теңдікті ұстап тапшылықты қаржыландыруды қолдау үшін тікелей инвестициялар, қысқа мерзімді несиелер, мемлекеттік қарыздар мен несиелер түрінде тұрақты ұзақ мерзімді шетел капиталының құйылуы қарастырылған. Аталған іс-шараларды орындау үшін төлем балансының мемлекеттің дамуындағы алатын орны анықталып, болашақта тиімді сыртқы сауда жүргізу бойынша ұсыныстар жасалған.

Түйін сөздер: төлем балансы, сыртқы сауда, сауда балансы, экспорт, импорт, ағымдағы операциялар шоты, инвестициялық кірістер.

Daribayeva M.Zh.
**Analysis of the structure of the
balance of payments of the
Republic of Kazakhstan**

The article discusses the theoretical basis of the balance of payments of the Republic of Kazakhstan, the current status and analysis of the annual reports in comparison with previous periods. At present, the basic flaws in the balance of payments of Kazakhstan. It has helped identify a number of several problems that negatively affect the balance of payments: the existence of problematic contracts that make it difficult to test for them, the availability of foreign currency from individuals, the reduction of reserve assets due to international loans. In this regard, the National Bank provides a number of policy measures in order to maintain the balance of payments: foreign direct investment, short-term loans, government debt and government loan. For the implementation of these measures is defined the role of the state and offered recommendations for implementation of profitable trade.

Key words: balance of payments, foreign trade, the trade balance, exports, imports, current operating accounts, investment income.

Дарибаева М.Ж.
**Анализ структуры платежного
баланса Республики Казахстан**

В статье рассматриваются теоретические основы платежного баланса Республики Казахстан, современное состояние и анализ годовых отчетов в сравнении с предыдущими периодами. На сегодня определены основные недостатки в платежном балансе Казахстана. Это помогло выявить ряд нескольких проблем, которые негативно влияют на платежный баланс: существование проблемных договоров, которые затрудняют процесс зачета по ним, наличие иностранных валют у частных лиц, уменьшение резервных активов из-за международных кредитов. В связи с этим в политике Национального банка предусмотрен ряд мер для поддержания платежного баланса: прямые иностранные инвестиции, краткосрочные кредиты, государственный долг и государственный кредит. Для осуществления перечисленных мер определена роль государства и предложены рекомендации для осуществления выгодной внешней торговли.

Ключевые слова: платежный баланс, внешняя торговля, торговый баланс, экспорт, импорт, текущие операционные счета, инвестиционные доходы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ТАЛДАУ

Кіріспе

Мемлекетаралық экономикалық байланыстар екі бағытта жүзеге асады – халықаралық сауда және халықаралық қаржы алмасу.

Халықаралық сауданың болжамы бойынша осы мемлекетте өндірілген өнімдердің бір бөлігі шетелге (экспортқа) шығарылып, ал шетелде өндірілген тауарлар мен қызмет түрлері импортқа жіберіліп, осы мемлекетте тұтынылады [1].

Кез келген мемлекет әлемдік экономикаға неғұрлым көбірек біріксе, оның ақша-несие және валюта саясатына сыртқы экономикалық факторлардың әсері соғұрлым күшейе түседі. Экономикасы шикізатқа бағытталған Қазақстан экспорттық дәстүрлі баптарының әлемдік бағаларының жағдайына тәуелді. Экспорттық валюта түсімі тұрақсыз болғандықтан ол төлем балансының және ұлттық валюта бағамын тұрақтандырудың ахуалына тікелей әсер етеді, бұл елдің төлем балансының бұзылуына әсер етуі мүмкін.

Төлем балансы – елдің белгілі бір уақыт ішінде шетелге шығарғандарынан түскен түсімдері мен сырттан әкелінген тауарлары мен қызметтер үшін төленген төлемдер арасындағы шекті қатынасы.

Тауарлар мен қызмет түрлерінің халықаралық нарығы кез келген елдің қаржы нарықтарымен байланыса отырып, осы елдің ұлттық кірістеріне тікелей әсер етеді және инфляция деңгейі мен макроэкономикалық көрсеткіштерін өзгертіп отырады [2].

Қазақстан резиденттері мен резидент емес жеке және заңды тұлғалары арасындағы экономикалық мәмілелер есепті кезең ішінде (1 жыл) елдің төлем балансын айқындайды. Осыған байланысты Қазақстанның ішкі экономикалық қызметіне сандық (ақшалай) және сапалық (құрылымдық) сипаттама бере отырып, оның дүниежүзілік шаруашылығына қатысын көрсетуге болады.

Қазақстандағы Ұлттық Банкпен қабылданған төлем теңгерімінің схемасы жалпы алғанда ХВҚ (Халықаралық валюта қоры) әдістемесіне негізделген.

Ағымдық операциялардың есебі бірнеше тараулардан тұрады: сыртқы сауда теңгерімі, қызмет теңгерімі, инвести-

циялардан түскен кіріс теңгерімі, ағымдағы трансферттер теңгерімі, яғни қайтарусыз біржақты аударымдар. Төлем теңгерімінің бұл түрі көбінесе баспа беттерінде кездеседі.

Ағымдық операциялардың есеп-шотының маңызды бөлігі – факторлық кірістердің теңгерімі болып табылады және жалпы алғанда шетелдік инвестициялардан түскен кірістер мен шетелдік инвестициялар бойынша төлемдер жатады [3].

Әдістемелік бөлім

Мақаланың әдістемелік негізі ретінде әлемдік экономикалық ғалымдардың еңбектері, отандық және шетелдік ғалымдар монографиялары мен мақалалары, төлем балансын реттейтін заңнамалық және нормативтік құжаттар алынды.

Төлем балансын зерттеу барысында классификациялау, салыстырмалы талдау, таңдама бақылау, статистикалық топтау, корреляция-регрессиялық үлгілеу, сапалық талдау әдістері пайдаланылды.

Ақпараттық база ретінде ҚР Президентінің жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары, басқа да нормативтік құжаттар, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттіктің мәліметтері және т.б. пайдаланылды.

Тәжірибелік бөлім

Қазақстанның халықаралық экономикалық операциялары келесідей жүзеге асырады: тауарлар мен қызмет түрлерін сату, бір қаржы

активтерін басқаға ауыстыру, халықаралық аударымдар және т.б. Халықаралық мәмілелердің субъектілері болып әртүрлі ұйымдар, фирмалар және жеке тұлғалар есептеледі, сондықтан олар Қазақстан резиденттері болуы мүмкін.

Қазақстанның ағымдық операциялары теңгерімінде резидент еместердің тауарларды сату және қызмет көрсетулерден түскен және резиденттердің тауарлар мен қызметтерге кеткен барлық шығындары көрсетілген, сонымен қатар инвестициялардан түскен таза кірістер мен таза ағымдық трансферттер жатады.

Төлем балансында белгіленген уақыт кезеңі үшін әлемдегі қалған елдермен елдің экономикалық операциялары (резиденттер және резидент еместер) жиынтық түрде көрсетіледі. Төлем балансының деректері нақты және қаржы ресурстарының барлық түрлерімен сыртқы экономикалық қатынастар динамикасында сипатталатын ағындардың экономикалық санатын білдіреді. Төлем балансында халықаралық операцияларды жүргізуге байланысты емес қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнының өзгерістері көрсетілмейді. Ағымдағы операциялардың үлкен тапшылығы ең алдымен халықаралық қызмет пен факторлық кірістер бойынша үлкен пассивтік сальдоны көрсетіп, сыртқы сауда теңгерімінің теріс нәтижесін білдіріп отыр. Алайда қорытынды төлем балансы жыл сайын тікелей инвестиция ретінде шетел капиталын тарту, экспорттық несиелер, сауда қарыздары және басқа да қарыздар түрі есебінен жабылып отырады.

1-кесте – Ағымдық операциялардың теңгерімінің құрылымы

(млн. АҚШ доллары)

	2010 ж.	2011ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
Ағымдағы операциялардың шоты	1385,7	10198,6	1057,7	926,6	4643,5	-5823,2
Сауда балансы	28500,2	44844,1	38145,2	34792,3	35631,3	12649,0
Экспорт	61391,7	85193,9	86931,1	85595,4	79060,3	46294,2
Импорт	32891,5	40349,8	48785,8	50803,2	43429,0	33645,3
Қызмет балансы	-7249,6	-6635,2	-7929,9	-7094,7	-6435,2	-5370,8
Экспорт	4119,0	4337,7	4828,2	5120,3	6348,1	6480,4
Импорт	11368,5	10972,9	12758,1	12214,9	12783,3	11851,1
Бастапқы кірістер балансы	-19375,6	-27745,1	-28117,1	-25144,5	-22860,2	-11515,3
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1406,4	-1730,2	-1927,8	-1803,7	-1793,0	-1666,6
Инвестициялық кірістер	-18109,0	-26154,6	-26329,0	-23480,6	-21207,0	-9988,4

ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	786,2	951,5	965,1	1109,4	1114,2	798,8
Алынатын кірістер	827,9	1006,5	1028,1	1162,2	1180,7	1033,2
Төленетін кірістер	41,8	55,0	63,0	52,8	66,5	234,5
Банктер	57,3	-560,3	-940,5	-784,2	-688,1	-533,7
Алынатын кірістер	1249,8	635,3	349,3	349,3	308,4	287,0
Төленетін кірістер	1192,5	1195,7	1289,8	1133,5	996,5	820,6
Басқа секторлар	-18952,5	-26545,9	-26353,6	-23805,8	-21633,1	-10253,5
Алынатын кірістер	479,2	446,3	568,5	665,2	394,2	523,2
Төленетін кірістер	19431,7	26992,1	26922,1	24471,0	22027,3	10776,7
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	139,8	139,8	139,8	139,8	139,8	139,8
Қайталама кірістер балансы	-489,2	-265,1	-1040,6	-1626,4	-1692,4	-1586,2
Алынған көзі: ҚР ҰБ ресми сайтының статистикасы. www.nationalbank.kz [4]						

Ағымдық операциялар бойынша түскен кірістер сомасы 2010 жылғы 1385,7 млн. АҚШ долларымен салыстырғанда 2014 жылы бұл көрсеткіш 4643,5 млн. АҚШ долларын құрап, өсім 3257,8 млн. АҚШ долларын көрсетті. 2014 жылы сауда балансы 35631,3 млн. АҚШ долларын құрады, бұл соңғы бес жылда 7131,1 млн. АҚШ долларына өскенін көрсетеді. 2015 жылдың нәтижелері бойынша ағымдағы операциялар шоты 2014 жылғы 6,4 млрд. долл. профицитпен салыстырғанда 5,8 млрд. АҚШ доллары теріс сальдомен қалыптасты. Резиденттердің кірістері мен шығыстарының қысқаруы ағымдағы операциялар шотының барлық негізгі құрауыштары бойынша болды. Ағымдағы түсімдер мен төлемдер құрылы-

мында ең көп құлдырау базалық кезеңмен салыстырғанда тауарлар экспортынан түсімдер және резидент еместердің инвестициялық кірістерінің төлемдері бойынша байқалды. Тауарлар экспортының құлдырау қарқыны тауар импортының төмендеу қарқынынан басым болды, нәтижесінде тауарлардың таза экспорты 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 3 есе дерлік (24 млрд. долл.) қысқарды. Тауар айналымының ІЖӨ-ге қатынасы ретінде есептелген экономиканың ашықтық көрсеткіші ІЖӨ-дегі экспорттың үлесі 11,8%-ға, ал импорт – 2,7%-ға азайған кезде 14,5%-дан 41%-ға дейін төмендеді. Жалпы ағымдағы операциялардың шоты бойынша өзгерістер динамикасын келесі 1-суреттен көруге болады.



1-сурет – Ағымдағы операциялардың шоты, млн. АҚШ доллары
Ескерту. 1-кесте мәліметтері бойынша құрастырылған.


Ағымдық есеп-шот тепе-теңдікті өлшеудің бір әдісі ретінде, сонымен қатар экономикалық саясатты жүргізу бойынша қажеттілігі. Мұның барлығы, ағымдағы есеп-шоттың тікелей мемлекеттің нақты табысы мен адам өмірлерінің дәрежесіне байланыстылығы, бірақ қаржыландыруға байланысты тапшылық мәселесі пайда болуы мүмкін, ол алдағы уақытта экономикалық саясатты жүргізуге әсер етеді. Егер тапшылық кезінде төлемдік теңгерімнің ағымдық шоты ұлттық есеп-шотпен бірігетін болса, яғни елдің шығындары кірістен асып кетсе, және де егер инвестиция ретінде ұзақмерзімдік келуі тұрақты қаржыландырып тұрмаса, бұның түбі жақсылыққа апармайды. Ақшалай активтерді шығару жолымен ағымдық есеп-шоттың тапшылығын қаржыландыруға байланысты қарыздардың өсіп кетуі қиындыққа әкелді.

Тапшылықты қаржыландыру көздері осы елдің экономикасына шетелдік капиталдан тікелей және қоржынды инвестициялар түрінде

салым салыну арқылы, шетел банктерінен, Үкімет және халықаралық ұйымдардан қарыз алу арқылы, Ұлттық Банкте сақталған ресми валюта резервтерін қысқарту есебінде жүзеге асады.

Тапшылықты қаржыландыру көздері (яғни ағымдық есеп-шоттар) шетел капиталының нетто-келуі арқылы Қазақстанның банктарымен және компанияларымен қарыз капиталы түрінде қаржыландырылып, теңгерілген және тікелей инвестицияларының экономикаға салған капиталдары арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан қаржылық операциялар төлем теңгеріміндегі капитал және қаржы операциясының шоты бойынша оң сальдо болып шығып отыр.

Сыртқы міндеттемелердің өсуіне негізгі салым жасаған басқа елдердің коммерциялық банктен тікелей инвестиция операциялары бойынша және мемлекеттің сыртқы қарыздарын таза жойып, таза салмақ (нетто) – түсім арқылы енген ресурстарды сақтай отыра ықпал етуі.



2-сурет – Төлем балансын негізгі құраушыларының динамикасы, млн. АҚШ доллары
Ескерту. 1-кесте мәліметтері бойынша құрастырылған.

Ағымдағы операциялардың оң балансының базалық кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай ұлғаюы энергия тасымалдағыштардың әлемдік бағаларының жоғары деңгейінің аясында тауар экспорты құнының өсірілуімен де қамтамасыз етілді. 2011 жылы орташа алғанда brent сұрыпты мұнай бағасының әлемдік бағасы бір баррель үшін 110,9 долл. құрады, бұл базалық кезеңдегі орташа деңгейден (бір баррель үшін 79,6


долл.) 39,3%-ға жоғары. Бұл ретте мұнайдың едәуір жоғары бағасы есепті кезеңнің екінші тоқсанында байқалды – бір баррель үшін 117,1 долл. (үшінші тоқсанда бір баррель үшін 112,5 долл. және төртіншіде бір баррель үшін 109,3 долл.). Нәтижесінде, тауарлар экспорты 2010 жылдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда 46,1%-ға ұлғайып, Ұлттық Банктің бағалауы бойынша 88,9 млрд. долл. болды.

Тауарлар импортының көлемі де 42,1 млрд. долл. (базалық кезеңде шамамен 32,0 млрд. долл.) асып, айтарлықтай өсті (31,8%-ға). Нәтижесінде, есепті кезеңдегі сауда балансы халықаралық қызметтермен және инвестициялық кірістермен операциялар бойынша ресурстардың нетто-ағынын өтей отырып, Ұлттық Банктің бағалауы бойынша 46,8 млрд. долл. (28,9 млрд. долл. болған базалық кезеңмен салыстырғанда 61,9%-ға өсу) болатын оң сальдомен қалыптасты.

Қызметтер балансының дефициті алдын ала бағалау бойынша есепті кезеңде базалық кезеңнің көрсеткішімен салыстырғанда 14,3%-ға төмендей отырып, 6,1 млрд. долл. құрады. Қызметтердің теріс теңгерімсіздігінің қысқаруы базалық кезеңмен салыстырғанда 7,4%-ға қысқарған қызметтер импортының азаюымен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар 2011 жылдың екінші жартыжылдығында есепті кезеңнің бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда резидент еместер көрсеткен қызметтер көлемінің ай-

тарлықтай ұлғайғаны (40,8%-ға) белгіленді, бұл 2011 жылдың бірінші жартысында тоқтатыла тұрған Қашаған кен орнындағы тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірлемелердің екінші фазасын іске асыру шеңберіндегі жұмыстардың қайта жаңғыруымен байланысты болды.

Тауарлар экспортынан түсімдердің ұлғаюы салдарынан да экономиканың салаларына сәйкес келетін шетелдік тікелей инвесторлардың кірістері өсуін жалғастырды. Шетелдік тікелей инвесторларға төлемдер алдын ала 24,1 млрд. долл. деп бағаланды, бұл базалық кезеңнің осындай көрсеткішінен (16,2 млрд. долл.) 48,9%-ға жоғары. Тікелей инвестициялау қатынастарымен байланысты емес кредиторларға сыйақы төлемдері де есепті кезеңде 17,5%-ға ұлғая отырып, 3,1 млрд. долл. құрады. Нәтижесінде, инвестициялық кірістер балансының теріс сальдосы алдын ала бағалау бойынша базалық кезеңдегі 17,0 млрд. долл. салыстырғанда 25,2 млрд. долл. болды.



3-сурет – Қазақстан Республикасының төлем балансы: экономиканың жеке секторлары бойынша талдау, млн. АҚШ доллары
Ескерту. 1-кесте мәліметтері бойынша құрастырылған

Банктер мен кәсіпорындар – эмитент халықаралық құнды қағаздардың тізімі өте тез деңгейде өсіп, шоғырландырылған қаражаттар саны көбейді. Еурооблигацияларды шығару осы мақсатта құрылған шетелдік еншілес кәсіпорындармен делдалдық қызмет жасау үшін жүзеге асырылды, соған байланысты бірнеше банктер мен компаниялар қабылданды. Халықаралық рынок капиталында жүйеленген қаржы ресурстары шетел активтеріне тартылып, осы активтердің өсуіне байланысты Ұлт-

тық қордың активтерінің көрсеткіштерінің жоғарылауына әкелді.

Қалыптасқан макроэкономикалық жағдайға әсерін тигізу үшін Ұлттық банк валюта рыногында шетел валютасын сатады немесе сатып алады, көбінесе ұлттық валютаның бағамына алмастыру деңгейінде. Ұлттық банк жүргізетін бұған ұқсас мәмілелерді ресми валюталық интервенциялар дейміз.

Төлем теңгерімінің бейтепе-теңдігі пайда болған жағдайда Қазақстанның қолында оның

халықаралық төлеміндегі тепе-теңдікті қалпына келтірудің бірнеше жолдары бар. Валюталардың еркін жүзбелі курсы төлем теңгерімінің бей-тепе-теңдігін реттеудің үздіксіз процесі үшін жеткілікті жағдай болып табылады. Алайда еркін жүзбелі валюталық курсты қолданудың экономикаға теріс әсері тиіу мүмкін, сондықтан да ресми резервтерге – төлем теңгерімі жайын коррекциялаушы шаралар жүйесіне маңызды рөл жүктеледі [5].

Сонымен қатар валюталық резервтерді қолданып төлем теңгерімін реттеу үшін оның өз шегі болатындығын айтуымыз керек. Ел ұзақ мерзім бойы төлем теңгерімін тапшылықпен жинақтап отыра алмайды, себебі бұл төлем теңгерімінің дағдарысының себебіне айналуы мүмкін. Төлем балансының дағдарысы деген елдің сыртқы қарыздарды қайтаруға қауқары жоқ дегенді білдіреді.

Сондықтан да, төлем балансының немесе валюталық интервенциялардың қаржылық тапшылығын қаржыландыру ретінде резервтерге жүгінуді Ұлттық банк, әдетте уақытша шара ретінде қарастырады және ел резервінің белгіленген минималды деңгейіне дейін қысқаруына жол бермейді. Ресми валюталық резервтер көлемінің көрсеткіші елдің шетелдік кредиторлар алдындағы қарызын жаба алу мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік береді, сонымен қатар Ұлттық банк жүргізіп отырған кредиттік-ақшалық саясатына сенім артуға болатын болмайтындығын, айырбас курсы жүйесінің дұрыс таңдалған-таңдалмағандығын бағалауға мүмкіндік береді. Халықаралық кредиттер алу мүмкіндігі де резервтік активтің көлеміне байланысты болады. Осыған байланысты Ұлттық банкі саясатының көп жағдайда бірінші кезектегі міндеті, ол резервтердің адекватты деңгейін ұстап тұру және шығындалған резервтердің төлем теңгерімін реттеу процесі барысында толтырып отыру болып табылады [6].

Алынған нәтижелер:

Қазақстан төлем теңгерімінің ағымдық операцияларының есеп-шоты көптеген жылдар бойы оң айырым сальдосында болуда. Сыртқы тепе-теңдікті ұстап тапшылықты қаржыландыруды қолдау үшін тікелей инвестициялар, қысқа мерзімді несиелер, сонымен қатар қарыздар мен

несиелер түрінде тұрақты ұзақмерзімді шетел капиталының құйылуымен жүзеге асырылады.

Оң айырым теңгеріміндегі капиталмен қаржы қозғалысының есеп-шотын кеңейту Үкіметпен, коммерциялық банктермен сыртқы қарыздың көлемін және қазақстандық кәсіпорындарды тікелей инвестициялармен қаржыландыруды өсірумен жүзеге асырылды.

Жинақталған алтын-валюталық резервтер сыртқы қарыз міндеттемелерінің төмендеуі бойынша шараларды жүзеге асыруға, экономиканы ішкі несиелеу бойынша операцияларын кеңейтуге мүмкіншілік берді.

Қазақстанның төлем теңгерімінің құндылығы – «Қателер мен өткізулер» бабының үлкен салмақты болуы. Мұның себебі, есепке алу кезінде қиындық туғызатын мәмілелердің көптігі. Жеке тұлғаларды қолма-қол шетел валютасымен операция жасағанда ерекше бақылауға алуды ұсынады, оны спекулятивтік операцияларды жүргізген кезде қолдануға және ішкі рыноктың мәмілелеріне жұмсауға жол бермеу.

Қазақстанның ресми алтын-валюта резервтері төлем теңгерімін теңгермелейтін активі болып отыр, сондықтан төлемдік дағдарыс болмау үшін оны адекваттық деңгейде ұстауды ұсынады.

Осыған байланысты сыртқы экономикалық берешектің жинақталуын және халықаралық есептеулерде теңгерімнің бұзылуын болдырмау мақсатында келесі **қорытынды** ұсыныстарды жүзеге асыруға болады:

Біріншіден, халықаралық қаржы ұйымдарымен қаржыландырылатын жобаларды іріктеу тетігі мен өлшемін әзірлеу қажет;

Екіншіден, жыл сайын сыртқы қарыз бойынша төлемдердің деңгейін бақылау;

Үшіншіден, сыртқы қарызға алу қаупі жүйесін және сыртқы борыштық міндеттемелер қоржынының қаупін бағалау жүйесін әзірлеу;

Төртіншіден, фискальдық және монетарлық саясаттың түрлі құралдарын пайдалана отырып мемлекеттік емес сектордың сыртқы қарыз алулар деңгейін түзету;

Бесіншіден, Қазақстан үшін қазіргі жағдайларда қолайлы болатын сыртқы қарызды конверсиялаудың түрлі әдістерін пайдалану.

Әдебиеттер

- 1 Wassily Leontiev. Essays in economics: theories, theorizing, facts, and policies. – N.Y.: Transaction Books New Brunswick (USA) and Oxford (UK), 2005.
- 2 Sustainable Development in a Dynamics World/ World Development Report 2013. – 240 p.
- 3 Показатели платежного баланса //Деловая неделя. – №1. – 2015. – 4 б.

- 4 Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі. Статистикалық бюллетені №1(242) қаңтар, 2015 ж. file:///C:/Users/Админ/Downloads/151_161_bet.pdf
- 5 Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы төлем балансы және сыртқы борышы. Мамыр, 2015 ж. file:///C:/Users/Админ/Downloads/publish244051_28020.pdf
- 6 Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің сыртқы экономикалық қызмет шоттарын қалыптастыруы әдістемесі. Алматы, 2015 ж.

References

- 1 Wassily Leontiev. Essays in economics: theories, theorizing, facts, and policies. – N.Y.: Transaction Books New Brunswick (USA) and Oxford (UK), 2005.
- 2 Sustainable Development in a Dynamics World/ World Development Report 2013. – 240 p.
- 3 Pokazateli platezhnogo balansa // Delovaiya nedeliya. – №1. – 2015. – 4p.
- 4 Kazakhstan Respublikasy Ultyk banki. Statistikalыk bulleteni №1(242) kantar, 2015y. file:///C:/Users/Админ/Downloads/151_161_bet.pdf
- 5 Kazakhstan Respublikasy Ultyk banki. Kazakhstan Respublikasynyn 2015 zhylygy tolem balansy zhane syrtky boryshy. Mamyр, 2015 y. file:///C:/Users/Админ/Downloads/publish244051_28020.pdf
- 6 Kazakhstan Respublikasy Ultyk bankining srtky ekonomikalыk kызmet shottaryn kalyptastyruy adistemesi. Almaty, 2015y.

Супугалиева Г.И.
**Дамыған елдердің орталық
банктерінің ақша-несие
саясатының ерекшеліктері**

Жұмыста шет мемлекеттердің ақша-несие саясатының ерекшеліктері қарастырылған. Бұл саясатқа орталық банктер дәстүрлі ақша-несие реттегіштік құралдары қажетті тиімділікке жеткізбеген кезде көшеді. Сандық жұмсарту арқылы Орталық банк жаңа электрондық ақша шығарып, оны коммерциялық банктер мен басқа да жеке қаржы институттарының ұзақ мерзімді қаржы активтерінің белгілі бір санына айырбастайды. Бұл саясат келесідей факторлар болған жағдайда өзекті: ЖІӨ-нің өсімі нөл, болмаса кері; Орталық банктің мөлшерлемесі нөлге жақын; елде дефляция байқалады. Мақалада Орталық банктің «сандық жұмсарту» саясатының себептері, мүдделері және міндеттері анықталған. АҚШ, Швеция орталық банктерінің тәжірибесінде «сандық жұмсарту» саясатын іске асыру механизмі талданған. «Сандық жұмсарту» саясатының осы саясат жүргізуші ел мен басқа елдерге тигізетін әсерлері қаралған. «Сандық жұмсарту» саясатының әлемдік валюта жүйесіне тигізетін оң және кері әсерлері анықталған.

Түйін сөздер: ақша-несие саясаты, Орталық банк, сандық жұмсарту, инфляция, пайыздық мөлшерлеме.

Supugaliyeva G.I.
**The features of the monetary
policy of central banks in
developed countries**

The article considers the features of the monetary policy in developed countries, where traditional monetary controls do not give the desired effect. Quantitative easing is carried out by the Central Bank purchases a certain number of long-term financial assets from the commercial banks and other private financial institutions in exchange for the issue of new electronic money. This policy is relevant in the presence of the following factors: the annual GDP growth is close to zero or negative; account of the Central Bank rate is close to zero; deflation in the country. The reasons, goals and objectives of central banks use measures of "quantitative easing." The mechanism of realization of the policy of "quantitative easing" by the central banks of developed countries (e.g. USA, Sweden). The effect of the quantitative easing policy in the country carried out this policy and other countries. There are positive and negative consequences of "quantitative easing" policy in the world monetary system.

Key words: Monetary policy, Central Bank, quantitative easing, inflation and interest rate.

Супугалиева Г.И.
**Особенности денежно-
кредитной политики
центральных банков
в развитых странах**

В работе рассмотрены особенности денежно-кредитной политики развитых стран, когда традиционные денежно-кредитные регуляторы не дают нужного эффекта. Количественное смягчение проводится путем покупки центральным банком определенного количества долгосрочных финансовых активов у коммерческих банков и других частных финансовых институтов в обмен на новую электронную эмиссию денег. Данная политика актуальна при наличии следующих факторов: годовой прирост ВВП близок к нулю или отрицательный; учетная ставка Центрального банка близка к нулю; в стране наблюдается дефляция. Определены причины, цели и задачи использования Центральными банками мер «количественного смягчения». Проанализирован механизм реализации политики «количественного смягчения» центральными банками развитых стран (США, Швеции). Рассмотрено влияние проведения политики количественного смягчения на страну. Выявлены положительные и отрицательные последствия политики «количественного смягчения» на мировую валютную систему.

Ключевые слова: денежно-кредитная политика, Центральный банк, количественное смягчение, инфляция, процентная ставка.

**ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІҢ
ОРТАЛЫҚ
БАНКТЕРІНІҢ
АҚША-НЕСИЕ
САЯСАТЫНЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****Кіріспе**

Барлық нарыққа әсерін тигізген, 2008-2010 жылдарда болған қаржы дағдарысы, көптеген дамыған мемлекеттердің ақша-несие саясатына өз түзетулерін енгізді. Қалыптасқан дағдарыстық жағдай ары қарай ақша-несие саясатының тек қана дәстүрлі шараларын қолдануға мүмкіндік бермеді. 2008 жылдан бастап, АҚШ Федералды Резервтік Жүйесі (ары қарай – ФРЖ), Еуропа орталық банкі (ары қарай – ЕОБ), және Еуроаймаққа кірмейтін, Еуроодақтың ең үлкен және экономикалық дамыған орталық банкі – Англия Банкі – бір уақытта дерлік, «сандық жұмсару» атты ақша-несие саясатының дәстүрлі емес шарасын қолдануға көшті. Тіпті көптік жұмсару әдісін ойлап табу қарама-қайшылықтарда шиеленіскен. Біреулер Кейнске тиесілі, енді біреуі, алғашқы болып бұл саясатты қолданған Жапония Банкі десе, үшіншілері – терминді ойлап тапқан, экономист Ричард Вернерді айтады. Дамушы нарықтарға көптік жұмсаруды өткізу мен қолданудың тиімділігі көптеген даулардың тақырыбы болып табылады, дегенмен сандық жұмсару саясатының қалай жүзеге асатыны әлі де толық игерілмеген. Себебі, түрлі елде өткізілетін, көптік жұмсару бағдарламасы болжанбайтын және қаржылы билік қаламағандай түрде жұмыс істейді. Дүниежүзі бойынша алғашқы болып Швейцария, көптік жұмсару бағдарламасы кері әсерін тигізгенде, дәлірек айтсақ, құрдымды білдіретін, мемлекеттік облигациялардың табыстылығының көзге көрінерліктей өсуіне алып келіп феноменді жағдайға тап болды.

Тәжірибе бөлімі

«Сандық жұмсару» теориясы Б. Бернанк (B. Bernanke), Дж.М. Кейнс (Jh.M. Keynes), Р. Вернер (R. Verner), П. Кругман (P. Krugman), Н. Почтарев және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде, сонымен қатар ФРЖ, ЕОБ және Швеция, Англия Банкінің ақпараттық-аналитикалық материалдарында көрсетілген.

Зерттеудің әдістемесінің негізі танудың диалектикалық әдісі болып табылады. Зерттеу үдерісінде жалпы ғылыми әдістер (модельдеу, анализ, синтез, дедукция, жіктеу, жүйелік тәсілдеме), танудың арнайы әдістері (статистикалық әдістер) қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі кезеңде дамыған елдердің (ФРЖ, ЕОБ және Англия Банкі) орталық банктерінің ақша-несие саясатының негізгі құралы дәстүрлі ашық нарықтағы бағалы қағаздарды сату және сатып-алу операциялары болып табылады.

Олардың көмегімен орталық банктегі коммерциялық банктердің шоттарындағы қаражаттарынан және кассалық қалдықтарынан құрылған, айналыстағы ақшадан және банктік резервтерден тұратын ақша базасының көлемі реттеледі. Әдеттегідей, бағалы қағаздарды сату және сатып алу операциялары РЕПО болып табылады, яғни бағалы қағаздарды, бағалы қағаздарды алғашқы сатып алу (сату) бағасы мен бағалы қағаздарды алғашқы сатып алу (сату) кезіндегі орнатылған пайыз сомасының қосындысының бағасымен кері сату (сатып алу) операцияларын қарастырады [1]. Осы механизмнің арқасында орталық банк ақша-несие саясатының алдына қойған мақсаттарына жету үшін толқуларды «тегістейді», бірақ корпоративтік және мемлекеттік қарыздарды қаржыландырмайды.

Міндетті резервтердің тұрақты деңгейінде банктік резервтердің өсуі банктік резервтердің артылуының ұлғайғандығын білдіреді. Ұлғаю өз кезегінде экономикаға бірден бірнеше арналар бойынша әсерін тигізеді.

Ақша-несие саясатының басқа екі дәстүрлі құралы – міндетті резервтер нормасы және қайта қаржыландыру мөлшерлемесі де банктік резервтердің резервтеріне әсер етеді, бірақ дамыған елдердің орталық банктеріндегі қазіргі кездегі тәжірибесінде бұл құралдар сирек қолданылады, себебі ашық нарықтағы операциялар қолайлырақ және тиімдірек болып келеді. Дегенмен, экономикада «өтімділік тұзағы» атты жағдай орын алуы мүмкін, яғни күшті рецессия кезінде пайыздық мөлшерлемелер нөлге дейін төмендеп, монетарлық билік дәстүрлі құралдар арқылы ынталандырушы ақша-несие саясатын жүргізе алмайды.

Мұндай жағдайдың экономикалық мәнін түсіну үшін экономикалық агенттің ақша қаражаттарын жұмсауда үш тәсілі бар, гипотезалық экономиканы қарастыруға болады: ақшаны өндіріске инвестициялау, бағалы қағаздарды иелену (облигацияларды) және оларды өтегенге дейін ұстау (экономикада мемлекеттік және корпоративті облигациялар арасында айырмашылық жоқ деген мағынада) немесе ақшаны қолма-қол түрде сақтау. (1) [2]. Сонымен қатар, облигацияны өтеу мерзімі инвести-

циялық жобаның қызмет ету мерзіміне тең деп болжануда. Сол немесе басқа тәсілді таңдау экономикалық агенттің әр тәсілдің нақты табыстылығын бағалауы арқылы жүргізіледі:

$$\begin{aligned} r_m &= i_m - \pi^e, \\ r_b &= i_b - \pi^e, \\ r_p &= i_p - \pi^e, \end{aligned} \quad (1)$$

Мұнда i_m – ақшаны сақтауда номиналды табыстылық, r_m – ақшаны «қолда ұстаудан» нақты табыстылық, i_b – облигацияны өтеудегі номиналды табыстылық, r_b – облигацияны өтеудегі нақты табыстылық, i_p – өндірісті инвестициялаудан номиналды табыстылықтың ішкі формасы (ары қарай – табыстылық), r_p – өндірісті инвестициялаудан нақты табыстылықтың ішкі формасы, π^e – инфляцияның күтілетін дәрежесі.

Сонымен қатар, мынаны атап кеткен жөн, біріншіден, ақша қаражаттарын қолма-қол түрде сақтаудың номиналды табыстылығы әрқашан нөлге тең. Екіншіден, облигацияны өтеудің номиналды табыстылығы мен ақшаны сақтаудың номиналды табыстылығы, өндіріске салынған инвестицияның номиналды табыстылығы инвестициялық жобалаудың төлемділігін бағалаудан шығатын, белгілі бір дәрежеде экономикалық агенттің өзіне тәуелді және агенттің өзімен болжанады.

Салыстырмалы түрде «жұмсақ» рецессия кезінде орталық банк дәстүрлі құралдардың көмегімен экономикадағы пайыздық мөлшерлеменің төмендеуіне қол жеткізеді, яғни купоны бұрын шығарылған облигациялардың құны артады да, ал бұрын шығарылған облигациялардың өтелуі керек табыстылығы керісінше, төмендейді. Осылайша, экономикалық агентпен өндіріске салынған инвестицияның табыстылығы басқа тәсілдерге қарағанда жоғарырақ деп бағаланады. Экономикалық агенттердің көпшілік бөлігі осындай шешімдерді қабылдап, өндіріске инвестициялай отырып, экономикалық өсуді ынталандырады.

Күшті рецессия кезінде экономикалық агент сұраныстың төмендеуі көрінісінде, өндірісті инвестициялаудан номиналды табыстылығы өте төмен (нөлге жақын, нөлге тең немесе тіпті теріс) деп бағалайды және әдетте, бар нарықтарды есепке ала отырып, өндіріске инвестициялаудың қажеттігі жоқ деп санайды. Дәл сол уақытта, экономикада пайыздық мөлшерлемелердің нөлге жақын немесе нөлге дейін төмендеуінен, орталық банктің ақша-несие саясатының ынталандырушы саясатының нәти-

жесінде облигациялардың құнының жоғарылауына және өтелудің номиналды табыстылығының ең төменгі, нөлге жақын минамалды деңгейіне әкеледі. Сонымен бірге, күшті рецессия, пайыздық мөлшерлемелердің нөлге төмендеуіне қарамастан, экономикалық белсенділіктің төмендеуі түрінде, әдетте төмен инфляция мен төмен инфляциялық күтулермен жалғасады, яғни, халықтың «қолындағы» ақшаның құнсыздану үрдісі баяулайды. Мұндай жағдайда, экономикалық агенттердің, нақты табыстылық жағынан көзқарасы бойынша, ақшаны «қолда ұстау» формасы мен оларды облигацияларға салудың айырмашылығы жоқ. Дегенмен, қолма-қол ақшалардың жоғары өтімділігін ескере отырып, экономикалық агенттер таңдауда облигацияларды инвестициялауды, өндіріске салуды ғана емес, экономикалық құлдырауға қарсы тұратын ақшаны сақтауды таңдайды [3,56 бет].

2008-2011 жылдары америкалық экономист Пол Кругман, АҚШ, Жапония және ЕО-ны қосқанда, дамыған елдердің көп бөлігі «өтімділік тұзағы» жағдайында болғанын бірнеше рет растады. Оның айтуынша, 2008-2011 жылдардағы АҚШ ақша базасының үш еселенуі ел экономикасына шикізаттық тауарлардың бағасы мен ұлттық индекстерінің өзгеруі ретінде айтарлықтай әсер етпеді.

«Өтімділік тұзағынан» шығу үшін орталық банк экономикадағы бағалардың деңгейіне әсер ету керек. Инфляция мен инфляциялық күтулердің өсуі қолма-қол ақшалардың құнсыздануын жылдамдатады, яғни ақшаларды сақтаудағы нақты табыстылықтың төмендеуіне әкеледі. Экономикалық агент, экономикадағы нөлдік пайыздық мөлшерлемелерден минималды болған, ақшаны сақтаудың номиналды табыстылығы мен өтелетін облигациялардың номиналды табыстылығын жеке өзі арттыра алмайды. Инфляциялық үрдістердің дамуынан өз жинақтарынан айырылып қалмас үшін, оның тәуелділікке деген қарым-қатынасын өзгертіп, өндірісті инвестициялап және инфляциядан артық болатын өндірісті инвестициялаудың номиналды табыстылығына жетуге ұмтылады.

Қалыптасқан жағдайда ОБ сандық жұмсаруды өткізе алады (Quantitative easing, ары қарай QE) – қаржы жүйесіндегі ақшаның табыстылығын төмендетіп, санын арттыру үшін орталық банк жариялаған көлемде облигацияларды сатып алатын монетарлы саясат. Яғни, экономикалық өсуі әлсіз, жұмыссыздық жоғары, ал бағалар барынша төмен болғанда, орталық банк ел экономикасының қалай да ынталандыру үшін

ақша басып шығара бастайды. Бұл саясат экономиканы ынталандырудың соңғы фазасы ретінде қарастырылады.

Экономикадағы нөлдік немесе нөлге жақын пайыздық мөлшерлемелердің сақталуын қамтамасыз етіп отырған, ол көлемге қатысты сатып алулар артық болса да, орталық банк артық резервтерін көбейту үшін коммерциялық банктерден бағалы қағаздарын сатып алады. Осымен бірге, орталық банк банктік резервтердің көлемінің уақытша өзгеруі үшін қысқа мерзімді тікелей РЕПО мәмілелерін өткізбейді, активтердің соңғы сатып алуын жүзеге асырады. Осы сатып алуларды жасау үшін орталық банк жеке тұлғалық қағаз ақшалар емес, электрондық ақшалар шығарады. Орталық банктің осындай іс-әрекеттері «сандық жұмсару» деп аталады.

«Сандық жұмсару» кезінде банктік резервтердің ұлғаюына ғана назар аударылмай, сатып алынатын активтердің құрылымына да – мысалы, бірінші кезекте коммерциялық банктердің «жаман» активтерін сатып алу.

QE экономиканы келесідей жолмен ынталандырады:

Жаңа ақшалар шығарылады және мекемелердің қаржылық активтерін сатып алуға жұмсалады.

Бұл мекемелер инвестиция мен шығындарды жұмсай алатын, қолма-қол ақшалардың жаңа ағымын алады.

Экономикадағы осы фирмаларға құйылған қосымша ақшалар жалпы ақша ұсынысын арттырады.

Қаржылық активтердің құны жаңа сұраныс әсерінен өседі, ал активтердің табыстылығы (сатып алушыларға төленетін пайыздық мөлшерлемесі) төмендейді.

Мекемелер басқа бір мекеменің активтерін, құнын тағы да арттырып және өтелуі бойынша табыстылықты азайтып, сатып ала бастайды.

Төленетін пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуінен, бұл мекемелер өздері жұмсай алатын, қарызға беретін немесе инвестициялайтын, үлкен қаржылық құралдарға ие болады.

Банктер өзге қаржы мекемелерімен бәсекелес болатындай пайыздық мөлшерлемелерді қояды. Теорияда пайыздық мөлшерлемелердің бұл төмендеуі, клиенттердің сандық жұмсарудан сезінетін, ең айқын пайдасы болуы мүмкін.

Қарыздардың құны төмендегенде, тұтынушылар мен бизнес қарызға көбірек ақша алады және көбірек тауар алады, ол экономиканы ынталандырады, инфляцияға әкелетіндей баға

өсе бастайды. Ол инфляция көлеміне қарай жақсы да жаман да болуы мүмкін.

Жалпы экономика үшін аз көлемдегі инфляция тиімді есептелінеді, себебі ол тұтыну мен инвестицияны ынталандырады. Егер баға өссе, инвесторлар сатып алады немесе активке инвестициялайды, өйткені олар одан болашақта пайда алатынына сенеді. Егер де баға өспей, тіпті төмендесе, онда инвесторлар ақшаны өздерінде ұстайды, себебі уақыт өте келе арзандайтынды инвестициялағысы келмейді.

Осылайша, QE-нің тікелей нәтижесі инфляция болып табылады, ал орталық банк бағдарламаны дефляцияның қаупіне сенімді болса іске қосады. QE пайыздық мөлшерлеменің төмендету тиімділігіне ие, бірақ пайыздық мөлшерлені төмендету мүмкін емес болған кезде қолданылады.

QE-нің сәтті жүзеге асырылуы үшін қажетті екі шартты айта кету керек. Біріншіден, орталық банк төмен сапалы активтерді қоспағанда, банктерден активтерді сатып ала отырып, банктер алған ақша қаражаттарын ұстамай, соңғы қарыз алушыларға әсерін тигізіп, оларды тұтынушылық мақсатқа да, инвестициялық жобаның дамуына да минималды пайызда ұзақ мерзімді несие алуға көндіретініне сенеді. Яғни, нөлдік пайыздық мөлшерлемеге қарамастан, өздерінің артық резервтерін экономикада артық ақша ұсынысын қалыптастыру үшін жұмсайды. Мұндай нәтижені күтетіндей орталық банктің өзіндік негіздері бар, себебі банктердің болуы мен қызмет етуі экономикадағы белсенді ақша айналысына тәуелді. Екіншіден, «сандық жұмсару» кезінде орталық банк бағдарламаның күту фактісінің өзі экономикалық агенттердің инфляциялық күтулерінің өсуіне әкеліп, олардың іс-әрекет стратегиясын өзгертуге мәжбүрлейді.

Артықшылықтарымен қатар тәуекелдері де бар:

Инфляция күтілген деңгейден жоғары болуы мүмкін;

Егер банктер шағын бизнес пен үй шаруашылықтарына несие беруде құлшыныс көрсетпесе QE іске аспауы мүмкін.

Төмен пайыздық ставкалар қор нарығында көпіршіктің пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Ақша ұсынысының жоғарылауы жергілікті валютаның өзге валюталарға шаққандағы девальвациясына әкеледі. Бұл елдің кредиторларына және импортерларына кері әсерін тигізеді, себебі, кредиторлардың жинақтарының нақты бағасы түседі және импортталатын тауар бағасы жоғарылайды.

Жаңадан келген ақша қаржыландыруға байланысты қиыншылықтары бар шағын бизнеске несие есебінде емес, дамып келе жатқан тауарлық және шикізаттық нарыққа инвестиция ретінде банктердің пайдалануына жұмсалады. Яғни, Ұлттық Банктен алынған өтімділік экономиканың нақты секторының орнына қандай да бір жолмен қор нарығына өтіп кетеді. Бұл экономиканың ынталандыру мақсатына жетпей нарықта көпіршіктің одан әрі үрленуіне себепші болады.

QE саясатының іске асу механизмін жақсы түсіну үшін практикалық мысалдарды қарастырайық.

Әлем QE терминімен 2008 жылдың қараша айында ФРЖ қызметі әсерінен болған әлемдік дағдарыс кезінде танысты. Барлығы 3 бағдарлама жүргізілді.

Бірінші, QE 2008 жылдың қараша айынан басталып, 2009 жылға дейін созылды. QE 1 мақсаты ірі корпорацияларды, банктерді және жеке меншік кәсіпкерліктерді олардың құнсызданған борыштарын сатып алу арқылы құтқару болды. Бағдарламаның жүзеге асырылу уақытында ФРЖ жалпы 1,7 трлн. доллар сомасында ипотекалық және өзге де облигацияларды сатып алды.

Екінші QE АҚШ-та ФРЖ 2010 жылдың 2 қарашасында жариялады және жалпы сомасы 600 млрд. доллар болатын қазынашылық облигацияларды 8 ай ішінде әр ай сайын 75 млрд. доллардан сатып алуды көздеді. Сонымен қатар, ФРЖ QE 1 бірінші бағдарлама бойынша 300 млрд. доллар сомасында қайта инвестициялауды жүргізуі керек болды. Нәтижесінде QE 2 жалпы көлемі 900 млрд. долларды құрауы қажет болды. Бағдарлама 2011 жылы маусым айында аяқталды.

2012 жылы 13 қыркүйекте АҚШ Федералды резерві QE 3 үшінші бағдарламасын іске қосты. Тағы да басып шығару станогы қосылды, ал басылып шығарылған доллар облигацияларды сатып алуға жұмсалды. Ай сайын 45 млрд доллар сомасында қазынашылық облигацияларды, 40 млрд доллар сомасында ипотекалық облигацияларды сатып алу жоспарланды. 2014 жылдың 29 қазанында ФРЖ-ның ашық нарығы бойынша Комитеті QE 3 бағдарламасын аяқтау туралы шешімін қабылдады.

Мәні жағынан бағдарламаны 2 қадамда көрсетуге болады: ФРЖ резервтерін мемлекеттік облигацияларға айырбастайды. Жеке меншік сектор депозит ала отырып, облигацияны береді. Жеке меншік сектордың активтерінің таза құ-

ны, яғни ақша қаражат көлемі өзгеріссіз қалады. Сонымен бірге, облигацияның табыстылығы төмендейді. Осылайша, жеке меншік сектор қазынашылық облигацияларды ұстауға қызығушылығы төмен болып, нақты экономикада жылы жерлерді іздейді. Нәтижесінде ақша ипотекалық несиелеуге, копоративтік-тұтынушылық несиелеуге және қор нарығына кетеді. Осылай экономикаға әсер етуге қол жеткізіледі. Егер жеке меншік сектор алынған қаражаттарды ФРЖ шоттарында сақтауын жалғастыра берсе QE дұрыс жұмыс істемейді.

Бастапқы күтілім ретінде инфляцияның жоғарылауы мен жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі трендінің сақталуы жағдайында АҚШ-та экономикалық өсуді ынталандыру алға қойылды. QE қорытындысы бойынша американдық еңбек нарығы жағдайында (жұмыссыздық деңгейі 8,1%-дан 5,9%-ға төмендеді) шынында айтарлықтай жақсару мәлімделді. Бірақ, еңбек нарығындағы прогресс алға қойылған мақсаттарының ішіндегі толық іске асқаны болды. Ең басты мақсат – экономиканың жеделдеуіне қол жеткізілген жоқ.

АҚШ-тағы дағдарыс, әрине, Европалық валюталық одақ елдерінің банктік жүйесіне әсер етті. Бірақ та, Евроаймақтағы рецессияның негізгі себебі болып европалық елдердегі бюджеттік проблема саналды. Қалыптасқан жағдайда Англия банкі мен ЕОБ де QE шарасына жүгінуіне тура келді. Сондай-ақ, дамушы елдерде шетелдік инвестициялардың келуіне тосқауыл болатын факторлар бар. Оларға ең алдымен саясаттың тұрақсыздығы, еңбектің төмен өнімділігі, коррупцияның жоғары деңгейі, әлеуетті тұтынушылардың табысының төмен деңгейі жатады.

Швецияның орындалмай қалған QE саясатын қарастырып кету қажет. 2015 жылдың ақпан айында Швеция өзінің QE нұсқасын іске қосты. Ақпаннан қазан айына дейін активтерді сатып алу бойынша бағдарлама көлемі алғашқы 10 млрд. шведтік кронадан (1,18 млрд. доллар), қазіргі 200 млрд. шведтік кронаға (23,53 млрд. доллар) дейін өсті. Осы уақыт аралығында РЕПО ставкасы -0,35%-ға төмендеді. Сандық жұмсарудың көлемінің айтарлықтай өсуі мен бір уақытта теріс ставканың төмендеуі елдегі экономикалық өсу мен инфляция қарқыны өте төмен екенін көрсетеді.

Теорияда QE негізгі механизмі облигациялардың табыстылығының төмендеуіне әкелу керек, себебі, инвестор акция секілді біршама тәуекелі жоғары активтерді сатып алуға қызығушылық танытуы қажет. QE белгіленген шек-

тен шығып кетпейінше, яғни көлемі аз кезінде айтылған механизм орындалады, керісінше жағдайда кез келген қосымша облигацияларды сатып алу көлемі табыстылықтың тұрақты өсуіне әкеледі.

Швеция әлемде алғаш рет осындай ерекше жағдайға тап болды. Сандық жұмсару бағдарламасы мемлекеттік облигациялар табыстылығының айқын өсуіне алып келді. Себебі, инвесторлар нарықтың сыйымдылығына шырғаланып, Швеция Банкінің сатып алулары өтімділікті бұзып, табыстылықтың өсуіне апарады.

Активтерді сатып алудың кеңеюі бойынша кез келген іс-әрекет нарықтағы тәуелсіз борыштың шектелген қорын азайтады. QE-ге байланысты барлық мәселелерге крон динамикасы қосылады. Сатып алу бағдарламасының бастау алуымен басқа валюталарға қарағанда нығая түсті. Импорттық бағалар түсіп, ал ОБ дефляцияны алдын алу үшін қандай-да бір іс-әрекет жасауға мардымсыз болып қалады. Яғни, инфляцияны әкеліп, табыстылықты төмендетуі қажет QE бағдарламасы толығымен керісінше нәтижеге әкеліп соқтырды.

Қорытынды

Сандық жұмсарулар – бұл мемлекеттің стандартты емес монетарлық құралдарының бірі болып табылады. Орталық банк үкіметтің, оның құрылымдық бөлімшелері коммерциялық банктердің несиелеуімен қолма-қолсыз ақшалардың қосымша эмиссиясын іске асырады немесе олардың ұзақ мерзімді борыштық бағалы қағаздарын сатып алып, нәтижесінде экономиканы ынталандыру жүзеге асады. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, бұл саясатты қолданудың нәтижесі бастапқы мақсаттарға әрқашан жеткізе бермейді. Мысалға, 2008 жылдағы дағдарыс кезінде QE шынында инвестицияларды ынталандыруға әкелмей, ипотекалық нарықта алыпсатарлық арқасында ақшасынан айырылған ірі банктерге өздерінің бухгалтерлік есептерін қайта капитализациялауды жүргізуіне мүмкіндік берді. Қазірше банктер экономикадағы қарызды ынталандыру арқасында қаржылық дағдарыс кезінде өздерінің позицияларын күшейту мақсатында қол жетімді капиталды пайдалануда.

Сонымен бірге, классикалық экономикалық ғылымнан кету мен экономиканы реттеудің стандартты емес әдістерін қолдану заманауи әлемдік валюталық жүйеде кері әсерін тигізуі мүмкін. Билік, ең алдымен, ақшаны қымбат немесе арзан етіп, пайыздық ставкалардың

көмегімен экономиканы басқаруды жүргізуі қажет. Монетарлық масса миллиардпен емес, тіпті триллиондаған ұлттық бірліктер көмегімен есептелгенде, елде ақшаның көбеюі соншалық, несиелер бойынша пайыздық ставкалар жылына 1%-дан да төмен болған жағдайда ғана пайыздық ставкаларды қолдану іске аспайды. АҚШ-та ФРЖ несиелері бойын-

ша есептік пайыздық ставка 0,5 және 0,25% деңгейінде. Жапонияда пайыздық ставка -0,1%, Евроаймақта 0%. Ақша көп болғанымен, олар өндірістің дамуына және халықтың қажеттілігін қанағаттандыруын қамтамасыз етпейді. «Сандық жұмсарулар» деген желеумен ақшаны бөлу мен өндірістің әкімшілік-командалық жүйесі құрылады.

Әдебиеттер

- 1 Абель Э., Бернанке Б. Макроэкономика. 5-е изд. – СПб.: Питер, 2010. – 768 с.
- 2 Никулин А.Н., Карпухин И.В. Финансовая математика ценных бумаг. – Ульяновск: УлГТУ, 2011. – 87 с.
- 3 Мировая экономика: учебник / под ред. А.С. Булатова. – 2-е изд. – М.: Экономистъ, 2008. – 858 с.
- 4 ФРС США: «количественное смягчение» экономики (QE 1 – QE3) // Мировые Финансы. – URL: <http://global-finances.ru/frs-ssha-kolichestvennoe-smyagchenie-e/>
- 5 Ратников А. ЕЦБ запустил программу количественного смягчения на €1,1 трлн.// РБК. – 2015, 22 января. – URL <http://www.rbc.ru/finances/22/01/2015/54c0fd9a9a7947a4affe7c6c>
- 6 Почтарёв Н. Влияние политики «количественного смягчения» в США и Евросоюзе на экономическое развитие стран БРИКС// Москва, 2015. – URL: https://istina.msu.ru/media/dissertations/dissertation/10b/fd9/7863938/Avtoreferat_Pochtarev_NE.pdf

References

- 1 E. Abel, Bernanke B. Macroeconomics. 5 – ed. – SPb .: Peter, 2010. – p. 768
- 2 Nikulin A.N., Karpuhin I.V. Finansovaja matematika cennyh bumag. – Ul'janovsk : UIGTU, 2011. – 87 s.
- 3 Mirovaja jekonomika. Uchebnik / Pod red. A. S. Bulatova. – 2-e izd. – M. : Jekonomist', 2008. – 858 s.
- 4 FRS SShA: «kolichestvennoe smjagchenie» jekonomiki (QE 1 – QE3) // Mirovye Finansy. – URL: <http://global-finances.ru/frs-ssha-kolichestvennoe-smyagchenie-e/>
- 5 Ratnikov A. ECB zapustil programmu kolichestvennogo smjagchenija na €1,1 trln// RBK. – 2015, 22 janvarja. – URL <http://www.rbc.ru/finances/22/01/2015/54c0fd9a9a7947a4affe7c6c>
- 6 Pochtarjov N. Vlijanie politiki «kolichestvennogo smjagchenija» v SShA i Evrosojuze na jekonomicheskoe razvitie stran BRIKS// Moskva, 2015. – URL: https://istina.msu.ru/media/dissertations/dissertation/10b/fd9/7863938/Avtoreferat_Pochtarev_NE.pdf

Танжарикова А.Ж.

Анализ влияния человеческого капитала на результаты деятельности телекоммуникационных компаний

В статье проводится обзор методов определения и оценки человеческого капитала на микро-, мезо-, макроуровнях, представлены международные рейтинги такие, как рейтинг стран мира по уровню развития человеческого капитала, международный рейтинг человеческого развития (сокращенно ИЧР или развития человеческого потенциала). Рассмотрены теоретические подходы к обоснованию экономической эффективности использования человеческого капитала. В данной статье ставится задача показать значительное влияние человеческого капитала на экономические результаты финансово-хозяйственной деятельности компаний. Расчеты сделаны на примере телекоммуникационных компаний. Проведено исследование количественного влияния человеческого капитала на результат посредством применения метода VAIC, который используется для определения влияния интеллектуального капитала на результат деятельности предприятий. В результате получена модель VAIC, которая наглядно показывает влияние каждого компонента интеллектуального капитала (структурного капитала, задействованного капитала и человеческого капитала) на результаты деятельности компаний.

Ключевые слова: человеческий капитал, микро-, мезо-, макроуровни человеческого капитала, индекс человеческого развития, индекс развития человеческого капитала, эффективность человеческого капитала, интеллектуальный капитал.

Tanzharikova A.Zh.

Analysis of influence of a human capital on results of activities of the telecommunication companies

The article provides an overview of methods for the determination and evaluation of human capital at the micro, meso, macro level. And also presented international rankings such as the world ranking by the level of human capital development, the international rating of human development (abbreviated as HDI or Human Development). Theoretical approaches to the justification of the economic efficiency of the use of human capital. This article seeks to show the significant impact of human capital on the economic results of financial and economic activities of the companies. Calculations are made on the example of telecommunications companies. A study of the quantitative impact of human capital on the result through the use of VAIC method, which is used to determine the impact of intellectual capital on firm performance. In consequence model VAIC obtained, which clearly shows the impact of each component of intellectual capital (capital structure, working capital and human capital) on the performance of companies.

Key words: human capital, micro, meso, macro-levels of human capital, human development index, human capital development index, the effectiveness of human capital, intellectual capital.

Танжарикова А.Ж.

Адами капиталды телекоммуникациялық компаниялардың қызмет нәтижелеріне ықпал етуін талдау

Мақала адами капиталды анықтау және микро, мезо, макро деңгейде бағалау әдістерін шолуға арналған. Сондай-ақ, халықаралық рейтингтер көрсетілген, мысалы: адами капиталының даму деңгейі бойынша әлем елдерінің рейтингі, адами капиталды дамыту деңгейі бойынша әлемдік рейтингтегі елдер, адами дамудың халықаралық рейтингі (қысқартылған АДИ немесе адам әлеуетінің дамуы). Адам капиталын пайдаланудың экономикалық тиімділігін негіздеу үшін теориялық көзқарастар қарастырылған. Бұл мақалада компаниялардың қаржы-шаруашылық қызметінің экономикалық қорытындылары туралы, адами капиталдың елеулі әсер көрсетуге ықпал етуі көрсетілген. Есеп айырысу телекоммуникациялық компаниялардың үлгісінде жасалған. Кәсіпорын қызметінің нәтижесіне әсер ететін интеллектуалды капиталды анықтауға қолданылатын VAIC әдісін қолдану арқылы адам капиталының нәтижеге сандық әсерінің зерттеуі жүргізілді. Компания қызметінің нәтижесіне интеллектуалды капиталдың (құрылымдық капитал, тартылған капитал және адам капиталының) әр компоненті әсер ететінін анық көрсететін VAIC моделі алынды.

Түйін сөздер: адами капитал, адам капиталының микро, мезо, макро-деңгейлері, адам даму индексі, адами капиталды дамыту индексі, адами капитал тиімділігі, зияткерлік капитал.

АНАЛИЗ ВЛИЯНИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА НА РЕЗУЛЬТАТЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТЕЛЕКОММУ- НИКАЦИОННЫХ КОМПАНИЙ

Введение

Современную экономику в развитых странах следует именовать экономикой эффективного человеческого капитала. В настоящее время все больше ученых-экономистов высказывают мысль о том, что одним из самых перспективных направлений развития экономической науки в XXI веке является концепция человеческого капитала. Интерес к человеческим созидательным способностям, путям их активизации совпадает с всеобщей закономерностью развития современной науки.

Это обусловлено тем, что человек в рыночной экономике выполняет многообразные экономические функции. Формирование и использование человеческого капитала в инновационной экономике являются важнейшим фактором экономического развития. Конечно, теория человеческого капитала была принята далеко не всеми учеными, но она по сей день остается ведущей в своей области. Вместе с тем, многие методологические подходы к данной концепции до сих пор остаются дискуссионными.

Еще в 60-70-е годы теория человеческого капитала вызвала резкую критику с позиции марксистской теории постоянного и переменного капитала. Нет единства мнений по данному вопросу и до сих пор.

Экспериментальная часть

По данным Программы развития ООН (ПРООН), в настоящее время на планете физический капитал, или накопленные материальные блага, составляют лишь 16% от общего достояния, природные богатства – 20%, человеческий капитал, или накопленные вложения в человека – 64%. Во многих развитых странах доля человеческого капитала достигает 80%. В своей работе российский ученый В.А. Супрун дает следующее определение: «Человеческий капитал – это способность предлагать неочевидные решения, он источник обновления и прогресса. Его главное предназначение – создание и распространение инноваций» [1, с. 314]. Сегодня в мировой экономике сформировался новый тип экономического роста на базе использования

знаний, человеческого капитала и инноваций как важнейших ресурсов.

Экономика, основанная на знаниях, является закономерным процессом перехода современного общества на новый этап развития. Таким образом, в современных условиях устойчивое развитие экономики находится в зависимости от стабильного создания, распространения и использования знания, что в свою очередь невозможно без развития человеческого капитала. В связи с чем составлен рейтинг развития человеческого капитала.

Рейтинг опубликован аналитической группой Всемирного экономического форума (ВЭФ) в сотрудничестве с Международной организацией труда (МОТ), Организацией экономического сотрудничества и развития (ОЭСР) и консалтинговой компанией Mercer Human Resource Consulting [2].

Впервые индекс развития человеческого капитала в странах мира составлен в 2013 году и охватывал 122 экономики. В рейтинг 2015 года вошли 124 экономики. В его подготовке использовалась комбинация данных из общедоступных источников и информации от международных организаций и экспертов в области развития.

Второе издание Индекса человеческого капитала 2015 основано на трех базовых концепциях. Здесь внимание уделено результатам **обучения и занятости**, целью которого является получение картины о состоянии стран с учетом их успехов или неудач, представленная в развернутом виде потенциала человеческого капитала людей всех слоев и возрастов.

Второй акцент сделать на **демографическом развитии**. Всякий раз, когда это возможно, индекс разбивается на составные части по пяти возрастным группам, выделив вопросы, которые являются уникальными и важными в развитии человеческого капитала каждой группы. Полученная картина развития человеческого капитала страны, определяющая, на каком этапе жизненного цикла она находится, позволяет государству более целенаправленное вмешательство и планирование человеческих ресурсов.

В-третьих, индекс человеческого капитала всех стран рассчитывается по одному стандарту для измерения **«расстояния до идеального»** государства. Устанавливая абсолютную меру производительности стран, Индекс человеческого капитала позволяет год от года проводить как внутри-, так и межстрановые сравнения, чтобы в будущем странам отслеживать прогресс и изменения в уровне их инвестиций в человеческий

капитал и выявить отставание в течение долгого времени.

В общей сложности, Индекс человеческого капитала охватывает 46 показателей. Ровно половина из них являются результатом разбивки по возрастным показателям образования (начального, среднего и высшего образования) и показателей рынка труда (уровень участия в рабочей силе, уровень безработицы и неполной занятости).

Результаты и обсуждение

Человеческий капитал, как определяют его большинство западных экономистов, состоит из приобретенных знаний, навыков, мотиваций и энергии, которыми наделены человеческие существа и которые могут использоваться в течение определенного периода времени в целях производства товаров и услуг. «Он есть форма капитала, потому что является источником будущих заработков, или будущего удовлетворения, или того и другого вместе. Он человеческий, потому что является составной частью человека» [3, с. 18.].

Конечно, теория человеческого капитала была принята далеко не всеми учеными, но она по сей день остается ведущей в своей области. Вместе с тем, многие методологические подходы к данной концепции до сих пор остаются дискуссионными. Еще в 60-70-е годы теория человеческого капитала вызвала резкую критику с позиции марксистской теории постоянного и переменного капитала. Нет единства мнений по данному вопросу и до сих пор. Не случайно Р. Капелюшников в статье «Экономический подход Гэри Беккера к человеческому поведению» признал: «Теоретические новации Беккера далеко не всегда ожидали благожелательный прием. Идея человеческого капитала, кажущаяся столь очевидной, была встречена в штыки педагогической общественностью, усмотревшей в ней умаление культурной ценности образования и низведение человека до уровня машины» [4, с. 17].

Влияние способностей людей к труду особенно возрастает при применении в производстве машин: механизации, и особенно, автоматизации производства.

Казалось бы, когда вместо человека работают машины, его роль должна уменьшаться. Однако машины сами работать не могут, человек «заводит» их, составляет и контролирует программы их работы. Чем больше машины заменяют труд человека, тем больший объем производимой

продукции зависит от того, как человек этими машинами управляет. Поэтому его влияние на производство увеличивается.

Если рассмотреть экономику на микро-, мезо- и макроуровнях, то в микроуровень входят физические лица, то есть индивиды, жители страны или каждый работник, сотрудник предприятий; в мезоуровень входят компании, предприятия, организации или отрасли экономики; к макроуровню относится в целом вся экономика государства. Исходя из этой классификации, авторы данной статьи условно разделяют человеческий капитал на три степени:

первая степень – человеческий капитал работника (сотрудника, персонала) предприятия;

вторая степень – человеческий капитал компании (фирмы, предприятия);

третья степень – человеческий капитал страны.

В мировой экономике интерес к изучению и исследованию человеческого капитала все больше увеличивается. Много работ по человеческому капиталу персонала предприятия, но исследования и методы, предложенные по человеческому капиталу работника, входят в круг вопросов, рассматриваемых HR-менеджментом и учеными, область исследования которых относится к специальности «Менеджмент». Также немало работ по изучению человеческого капитала второго и третьего уровней. В данной статье рассмотрен человеческий капитал на мезоуровне. И авторы считают, что на втором уровне человеческий капитал еще требует дальнейших исследований как в отдельной стране, так и в целом в мировом масштабе.

Если рассмотреть исследования человеческого капитала дедуктивным путем, то необходимо начать с макроуровня.

По данным Программы развития ООН (ПРООН), в настоящее время на планете физический капитал, или накопленные материальные блага, составляют лишь 16% от общего достояния, природные богатства – 20%, человеческий капитал, или накопленные вложения в человека – 64%. Во многих развитых странах доля человеческого капитала достигает 80%. В своей работе российский ученый В.А. Супрун дает следующее определение: «Человеческий капитал – это способность предлагать неочевидные решения, он источник обновления и прогресса. Его главное предназначение – создание и распространение инноваций» [5, с. 314]. Сегодня в мировой экономике сформировался новый тип экономического роста на базе использования знаний, чело-

веческого капитала и инноваций как важнейших ресурсов.

Экономика, основанная на знаниях, является закономерным процессом перехода современного общества на новый этап развития. Таким образом, в современных условиях устойчивое развитие экономики находится в зависимости от стабильного создания, распространения и использования знания, что в свою очередь невозможно без развития человеческого капитала. В связи с чем составлен рейтинг развития человеческого капитала.

Рейтинг опубликован аналитической группой Всемирного экономического форума (ВЭФ) в сотрудничестве с Международной организацией труда (МОТ), Организацией экономического сотрудничества и развития (ОЭСР) и консалтинговой компанией Mercer Human Resource Consulting [6].

Впервые индекс развития человеческого капитала в странах мира составлен в 2013 году и охватывал 122 экономики. В рейтинг 2015 года вошли 124 экономики. В его подготовке использовалась комбинация данных из общедоступных источников и информации от международных организаций и экспертов в области развития.

В современной экономической литературе существует множество трактовок термина человеческий капитал. Например, Дж. Р. Мак Куллох, проводя аналогию между человеческим и физическим капиталом, считал человеческий капитал «формируемой частью национального богатства» [7, с. 25]. Дж. Грейсон интерпретирует человеческий капитал как «краеугольный камень конкурентоспособности, экономического роста и эффективности» [8, с. 195-196]. П. Бурдые, определяя человеческий капитал как «высшую ценность», налагает на интеллектуально богатых людей «обязательство действовать в качестве коллективного сознания нации» [9, с. 105].

Р. И. Капелюшников признает человеческий капитал «в качестве ключевого экономического ресурса» [10, с. 20.], а В.П. Щетинин трактует человеческий капитал как «социально-экономическую форму современного качества человеческого потенциала в масштабе всего общества» [11, с. 49].

Вывод страны на лидирующие позиции по развитию науки и техники, за счет которой и развивается экономика: массивные инвестиции в передовые отрасли науки и техники; крупные вложения в науку частного бизнеса; крупные вложения в образование, избавление образовательных учреждений от налогов. Вы-

сокий культурный и образовательный уровень развития страны.

Подводя итог, можно сказать, что для индивидуума основной мотивацией для получения образования и профессиональных навыков является рост его доходов. Государство, инвестирующее в эти отрасли социальной сферы, заинтересовано в повышении производительности труда. Нация, в конечном счете, получает реальную возможность выйти на более высокие показатели конкурентоспособности и т.д.

Заключение

Таким образом, следует отметить следующее. Ценность бизнеса во многом определяется его интеллектуальными и информацион-

ными ресурсами. Экспертные исследования в странах ЕС показали, что предприятия, которые лишь частично используют интеллектуальный капитал, получают в среднем лишь 14% возможной прибыли, те, что используют его более активно – 39%, а те предприятия, которые интеллектуальный капитал считают базой своего развития – 61%. Способность предприятия создавать и эффективно использовать интеллектуальный капитал все в большей мере определяет его устойчивое развитие и конкурентоспособность на рынке. Развивая интеллектуальный капитал, у предприятия появляется возможность повышения эффективности его деятельности, а также увеличения стоимости.

Формирование человеческого капитала фирмы – основной актив современной бизнес-единицы.

Литература

- 1 Инновационное развитие: экономика, интеллектуальные ресурсы, управление знаниями / [Б. З. Мильнер и др.] ; под общ. ред. Б. З. Мильнера. – М. : ИНФРА-М, 2010. – 624 с.
- 2 Всемирный экономический форум (The World Economic Forum): [http:// www.weforum.org](http://www.weforum.org)
- 3 Маркс К. и Энгельс Ф. Соч. – 2-е изд. – Т., 46, ч.1.
- 4 Капелюшников Р.И. Современные буржуазные концепции формирования рабочей силы. – М.: Наука, 1981. – 286 с.
- 5 Инновационное развитие: экономика, интеллектуальные ресурсы, управление знаниями / [Б. З. Мильнер и др.] ; под общ. ред. Б. З. Мильнера. – М. : ИНФРА-М, 2010. – 624 с.
- 6 Всемирный экономический форум: Рейтинг стран мира по уровню развития человеческого капитала 2015 года. [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий. – 19.05.2015. URL: <http://gtmarket.ru/news/2015/05/19/7160>
- 7 McCullox J.R. The Principles of Political Economy. Alex Murrey & Son. 1870. P. 57
- 8 Грейсон Дж., О'Делл К. Американский менеджмент на пороге XXI века. – М.: Экономика, 1991. – 319 с.
- 9 Bauman Z. Life in Fragments: Essay on Postmodern Morality. – Oxford UK and Cambridge USA.: Blackwells's., 1995. – P. 225
- 10 Капелюшников Р.И. Экономический подход Гэри Беккера к человеческому поведению// США: экономика, политика, идеология. – №11. – 1993.
- 11 Щетинин В.П. Человеческий капитал и неоднозначность его трактовки// Мировая экономика и международные отношения. – №12. – 2001. – С. 42-49.

References

- 1 Innovatsionnoye razvitiye: ekonomika. intellektualnyye resursy. upravleniye znaniyami / [B. Z. Milner i dr.]; pod obshch. red. B. Z. Milnera. – M.: INFRA-M. 2010. – 624 s.
- 2 Vsemirnyy ekonomicheskiy forum (The World Economic Forum): [http:// www.weforum.org](http://www.weforum.org)
- 3 Marks K. i Engels F. Soch.. 2-e izd.. t. 46. ch.1. 4. Kapelyushnikov R.I. Sovremennyye burzhuaznyye kontseptsii formirovaniya rabochey sily. – M.: Nauka. 1981. – 286 s.
- 4 Innovatsionnoye razvitiye: ekonomika. intellektualnyye resursy. upravleniye znaniyami / [B. Z. Milner i dr.]; pod obshch. red. B. Z. Milnera. – M. : INFRA-M. 2010. – 624 s.
- 5 Vsemirnyy ekonomicheskiy forum: Reyting stran mira po urovnyu razvitiya chelovecheskogo kapitala 2015 goda. [Elektronnyy resurs] // Tsentr gumanitarnykh tekhnologiy. — 19.05.2015. URL: <http://gtmarket.ru/news/2015/05/19/7160>
- 6 McCullox J.R. The Principles of Political Economy. Alex Murrey & Son. 1870. P. 57
- 7 Greyson Dzh.. O'Dell K. Amerikanskiy menedzhment na poroge XXI veka. – M.: Ekonomika. 1991. – 319 s.
- 8 Bauman Z. Life in Fragments: Essay on Postmodern Morality. Oxford UK and Cambridge USA.: Blackwells's. 1995. P. 225
- 9 Kapelyushnikov R.I. Ekonomicheskiy podkhod Geri Bekkera k chelovecheskomu povedeniyu// SShA: ekonomika. politika. ideologiya. №11. 1993.
- 10 Shchetinin V.P. Chelovecheskiy kapital i neodnoznachnost ego traktovki// Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnyye otnosheniya. №12. 2001. – 42-49 s.

Унербаева Р.У.
**Қазақстан Республикасында
кәсіпкерлікті
мемлекеттік қолдау**

Нарықтық экономика жағдайында Қазақстандағы шағын кәсіпкерліктің қызмет ету процесінің күрделілігі, оның ғылыми негіздерін, бағытталу беталыстарын, қазіргі жағдайына бөлшектік талдау жасау, даму формаларын анықтау қажеттілігі, даму барысында туындайтын мәселелерді шешудің жоғарғы тәжірибелік маңызы зерттеудің өзектілігін айқындап, тақырыпты таңдаудағы негіз болды.

Зерттеудің мақсаты республикамыздағы шағын және орта бизнестің дамуындағы қалыптасуы мен даму жүйесін теориялық және тәжірибелік негіздеу мен еліміздің стратегиялық даму бағыттарының бірі – индустриалды-инновациялық Бағдарламаны жүзеге асыру механизмі жөнінде ұсыныстар жасау болып табылады. Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан үдемелі индустриялық-инновациялық дамуға көшу, бір жағынан, жұмыспен қамтудың одан әрі өсу мүмкіндіктерін кеңейтеді, екінші жағынан – еңбек нарығына жұмыс күшінің ішкі резервін тартудың, еңбек ресурстарының сапасы мен экономикалық белсенділігін арттырудың жаңа тәсілдерін әзірлеуді және іске асыруды талап етеді.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау, кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу.

Unerbaeva R.U.
**State support of entrepreneurship
in the Republic of Kazakhstan**

Complexity of running process of small enterprises in Kazakhstan in market conditions, its scientific basis, development directions, need for identification of development forms, importance of solving the development problems are identified the topicality of this research and served as a basis for choosing this topic. Research objective is to consider development system and establishment of small and medium enterprises in our republic theoretically and practically, also to propose implementation mechanisms of Innovative-industrial program as one of the strategic development directions of our country. Accelerated industrial and innovative development which is implements nowadays, on the one hand, to expand employment opportunities for further growth, on the other hand, requires to attract internal reserve of labor force to the labor market, preparing new approaches of development of the labor quality force and economic activity and implementation.

Key words: entrepreneurship, small and medium enterprises, state support for entrepreneurship, state regulation of entrepreneurship.

Унербаева Р.У.
**Государственная поддержка
предпринимательства в РК**

В условиях рыночной экономики необходимо определить формы развития, решить проблемы, возникающие в ходе практической важности для уточнения актуальности исследования. Это явилось основой для выбора темы.

Цель исследования в области развития малого и среднего бизнеса в стране и теоретического и практического изучения становления и развития одного из стратегических направлений индустриально-инновационной программы страны является создание механизма для осуществления рекомендаций. В настоящее время реализация форсированного индустриально-инновационного развития, с одной стороны, расширит возможности трудоустройства для дальнейшего роста, с другой стороны, рынок труда для предоставления рабочей силы для повышения экономической активности и качества рабочей силы для привлечения требует разработки и внедрения новых подходов.

Ключевые слова: предпринимательство, малый и средний бизнес, государственная поддержка предпринимательства, государственное регулирование предпринимательства.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА
КӘСІПКЕРЛІКТІ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ**

Кіріспе

Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға өтуінің алғашқы кезеңдерінен бастап кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттің экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Елімізде кәсіпкерлік саласында 1992-1994 жж., 1994-1996 жж., 1999-2000 жж., 2001-2002 жж. жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдауға бағытталған бірқатар мемлекеттік бағдарламалар қабылданған.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу аталған экономика секторының жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар жасау мен әлеуметтік – экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған. Шағын кәсіпкерлік – бұл жан-жақты және кешенді экономикалық құбылыс.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнес саласында шамамен 2 млн. аса адам жұмыс істейді. Шағын және орта кәсіпкерліктегі кәсіпорындар мемлекет бюджетінің 11% қалыптастырады, олардың ЖІӨ-дағы үлесі 17%-ды құрайды, сонымен қатар инвестицияланған қаражат көлемі тұрақты ұлғаюда. ЖІӨ-дағы үлесі бойынша шағын және орта кәсіпкерлік мұнай-газ секторынан кейін II орынды алады. Шағын және орта кәсіпкерлікті қалыптастырудың қол жеткізілген деңгейі әлі де өзінің қалыптасуы мен даму барысындағы бірқатар мәселелерді зерттеуді қажет етеді: талдау, даму перспективаларын болжау мен басқару, бағалаудың тиімді және икемді әдістерін әзірлеу [1].

Нәтиже және талқылау

Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан үдемелі индустриялық-инновациялық дамуға көшу, бір жағынан, жұмыспен қамтудың одан әрі өсу мүмкіндіктерін кеңейтеді, екінші жағынан – еңбек нарығына жұмыс күшінің ішкі резервін тартудың, еңбек ресурстарының сапасы мен экономикалық белсенділігін арттырудың жаңа тәсілдерін әзірлеуді және іске асыруды талап етеді. Кәсіпкерлікті ынталандыру жеке ісін ұйымдастыру арқылы азаматтардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған. Кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсетудің бұл құралдары бюджет заңнамасын жетілдіру шеңберінде өз-

герістер мен толықтырулар енгізілген «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген.

Қазіргі кезде кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан көптеген қолдаулар көрсетіліп келеді, соның бірі «Бизнестің жол картасы 2020» туралы айтып кеткім келеді.

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 ақпандағы № 925 Жарлығымен бекітілген. Қазақстанның 2020 жылға дейінгі жалпыұлттық даму жоспарын іске асыру үшін әзірленді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2030» Стратегиясы» және «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауларының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған [2].

Жалпы елдің орнықты экономикалық дамуын қамтамасыз ету жеке кәсіпкерліктің және ең алдымен, шағын және орта бизнестің даму жай-күйі мен деңгейіне тәуелді. Мемлекеттің экономикалық өсуіне ықпалын тигізетін бәсекелестіктің дамымауы, материалдық және материалдық емес ресурстарды тиімсіз пайдалану, ішкі сұраныстың импортқа тәуелділігі, жұмыссыздық, кедейшілік және басқалары сияқты көптеген проблемаларды шешу үшін экономиканың нақ осы секторының әлеуетті мүмкіндіктері өте зор. Бағдарламаның негізгі мақсаты Өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының негізгі міндеттері:

Ауылдық елді мекендердің, шағын қалалар мен моноқалалардың кәсіпкерлерін қаржыландыруға қол жетімділікті арттыру.

Ауылдық елді мекендер, шағын қалалар мен моноқалалар кәсіпкерлерінің өндірістік қуатын ұлғайту.

Ауылдық елді мекендерде, шағын қалалар мен моноқалаларда кәсіпкерлердің бизнес бастамаларын кеңейту.

Өңдеуші өнеркәсіп өндірген өнім көлемін ұлғайту.

Бәсекеге қабілетті жаңа өндіріс орындарын құру.

Халықтың шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылуын ұлғайту.

Шетелдік валюталардың ауытқуларына байланысты болатын валюталық тәуекелдердің кредиттікке көшуін болдырмау.

Кәсіпкерлікті ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету.

Кәсіпкерлердің құзыретін арттыру.

Кәсіпкерлердің өнімділігін арттыру

Іскерлік қатынастарды кеңейту.

Шағын және орта кәсіпкерліктің соңғы ресми статистикалық ақпараттарына сүйенетін болсақ, 2016 жылдың екінші тоқсанындағы санақ бойынша Шағын кәсіпкерліктердегі жұмыспен қамтылғандар саны 2 775 24 жеткен. Сонымен қатар 2016 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілер саны өткен жылғы тиісті кезеңдегі сәйкес мерзіммен салыстырғанда 6% төмендеді. ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі 69,8%, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 15,5%, шаруа немесе фермер қожалықтары – 14,5%, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 0,2%-ды құрады [1].

Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті аймақтық дамыту, ең алдымен, өндірістік секторды көтеруге, шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуға, жаңа жұмыс орындарының неғұрлым көп санын құруға, жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік орта мен неғұрлым жоғары деңгейде өзара іс-қимыл жасауына бағытталатын болады. Аймақтарда шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамыту тек халықты жұмыспен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың әлеуметтік, рухани, экономикалық іргелі мәселелерін шешуге ықпалын тигізеді.

Жаңа жұмыс орындарын шағын кәсіпкерлік пен бизнес арқылы қалыптастыру – халықты кәсіпкерлік қызмет саласына да белсенді түрде тартуға мүмкіндік береді. Мұның өзі аймақтардағы өмір сүру деңгейін көтеруге ықпал етіп, ондағы тұрғындардың жұмыссыздық салдарынан ірі қалаларға көшуін тоқтатады. Осыған орай жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдау және дамыту үшін нақты іс-шараларды дайындаумен қатар, алдағы жылдардағы оның даму стратегиясын үкімет стратегиясы негізінде әзірлеуі тиіс. Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытуда мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау – кәсіпкерлік тәуекел дәрежесін төмендетумен қатар, оның нарық талаптарына сәйкес жоғары нәтижемен жұмыс істеуіне көмектеседі [3].

Қазіргі жағдайда, Қазақстан Республикасында мемлекеттік қолдау жеңілдетілген несие, экспортты сақтандыру, жарғы капиталында үлестік қатысу, Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация, Қазақстанның инвестициялық қоры, Инновациялық қоры мен кредиттік бюро және т.б. пайдалану негізінде коммерциялық ақпарат желісін ұйымдастыру арқылы кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Кәсіпкерлік тиімділік тек индустриалды және агро өнеркәсіп саясатын мемлекеттік қолдау аясында ғана емес, ең алдымен кәсіпкерліктің дұрыс шешімдерді құрастыру бойынша өзіндік талпынысын, кәсіпкерліктің өркендеуі және кәсібилендіру, өз құқығын қорғау бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Осыған орай, кәсіпкерліктің ары қарай дамуы және мәселелерді жою үш тұжырымдамалық бағытта жүзеге асырылуы мүмкін:

1. Инновациялық құрастырылымдарды жүзеге асыратын, меншік құралдарын өндірістің өркендеуіне, адам капиталына және өнімнің сапасын арттыруға инвестициялайтын кәсіпорындарды салықтық ынталандыру негізінде ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту және қолдану. Түрлендірудің флагманы интеллектуалдық меншіктің объектілерінің айырбасталуы болуы мүмкін, бұл өзін-өзі инвестициялау, ғылыми әзірлеулерді капитализациялау мәселесін шешеді. Ғылыми-техникалық-экономикалық әріптестік келешекте ХХ ғасырдың ортасынан бастап өзекті болып келе жатқан экологиялық факторды да есепке алуы қажет. Табиғи материалды экономикалық ресурс ретінде түсіну, бүгінгі күні материалды қажетсінетін технологиядан ресурсты үнемдейтін технологияға өтуді қажет етеді. Мұндай тәсіл постиндустриалдық құрылысты қарқындатуға және кәсіпкерлік қызметті жаңа сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

2. Кәсіпкерліктің әлеуметтік бағытталуы және оны мемлекет пен қоғамның қолдауы Н.Ә. Назарбаев ұсынған қоғамдық келісімшарт негізінде немесе халықтың табысының дифференциалдануын төмендету, даму мен тұрақтылықтың негізі – орта таптың үлесін арттыру мақсатында өзара бірлесу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Кәсіпкерлік қызметтің беделін қолдаудағы маңызды рөлді қоғамдық пікір, қоғамдық қолдау алады. Соңғы кезде Қазақстанда мынадай сайыстар танымалдылыққа ие бола бастады: «Жыл кәсіпкері», әртүрлі қызмет аясындағы «Он жыл ішіндегі үздік кәсіпкер».

3. Нормативтік-құқықтық базаның алдағы жетілуі мен тұрақтандырылуы, кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымы (мемлекеттік органдар, бизнес орталықтар, технопарктер, кәсіпкерлік қызмет көрсету орталықтары, қоғамдық ұйымдар). Рәсімдердің, салықтық есептіліктің шектік оңайлатылуы, халықаралық әріптестікті кеңейту үшін қабылданған жобаларды жүзеге асыру және білім беру жүйесі әлемдік кәсіпкерлікті дамытуды қамтамасыз ету керек. Алдағы кәсіпкерліктің дамуы әртүрлі елдердегі өзара әріптестік қағидасына негізделген кәсіпкерлік пен мемлекеттің жақындасуы бағытында жүзеге асуы керек. Қазақстандағы шағын бизнестің дамуына кедергі келтіретін мәселелер өзіндік кешенділігімен ерекшеленеді және қысқа мерзімде шешілуі мүмкін емес. Шағын бизнес секторының даму жағдайы заманауи тұрғыда стратегияны қайта қараудың қажеттілігін және мемлекеттік қолдауды көрсетеді. Жаңа стратегия шағын бизнестің аймақтық және салалық ерекшелігін есепке алумен құрастырылуы керек.

Осыған орай бұл стратегияның құраушылары ретінде мыналарды ұсынуға болады:

Ағымдағы нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуді жетілдіру;

Шағын және ірі кәсіпкерліктің жәрдемдесуін кеңейту жолында бірлесуі;

Салық салу жүйесін жетілдіру;

Қаржы-несие механизмін жетілдіру;

Әкімшілік кедергілерді жою;

Қызмет көрсету жүйесін дамыту және шағын бизнестің кәсіпорындарына ақпараттың ұсынылуы (BusinessDevelopmentService);

Кәсіпкерлердің қоғамдық қозғалысының дамуын қолдау.

Осы компоненттердің кешенін іске асыру үшін, орта мерзімді перспективада Қазақстанның шағын бизнес секторын дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес құрылып, қазан айының 2008 жылғы «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» №669 және қазанның 17-і, 2008 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі шаралар туралы «962 № 13 қаңтардағы 13 қазан, 2008 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру үшін «Самұрық» тұрақты даму қоры «Қазына» және «Қазақстанның мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі холдингі» АҚ біріктіру жұмысы жүрді.

Ұлттық әл-ауқат қоры «Самұрық-Қазына» бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын және ұлттық экономиканың елдегі экономикалық өсімнің әлемдік нарықтағы өзгерістердің факторлар ықтимал теріс ықпалын арттыру үшін құрылды [4].

Қордың негізгі мақсаты әлемдік нарықтарда олардың ұзақ мерзімді құндылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да заңды тұлғалардың меншік үлестерінің (үлесі) құқығын оған тиесілі етіп басқару болып табылады.

Қор қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- мұнай-газ секторы;
- электр энергетикасы;
- металлургия;
- химия, мұнай химиясы;
- инфрақұрылым.

Қордың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

– облыстық, республикалық және халықаралық ауқымдағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

– қордың компаниялар тобының қолданыстағы активтерін қолдау және жаңғырту;

– өңірлер мен әлеуметтік жобаларды іске асыру дамуына ықпал ету тауарлар мен қызметтерді отандық тауар өндірушілерді қолдау.

Бұл бағдарламалардың көп бөлігі, ШОБ өнімнің жалпы көлеміндегі өңдеуші салалары секторының үлесін арттыруға бағытталған болып табылады. Қорда жұмыс берушілер білдіретін жобалар қатаң конкурстық іріктеуден өтеді. Осылайша, бағдарламаның тікелей қаржыландыру шеңберінде қарауына 143 жоба болып, 1 наурыздың 2010 жылғы іріктеу орнынан тек 10-ы өтті.

Бағдарламаның мақсаты экономиканың шикізаттық емес секторларында және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру және қолданыстағыларын сақтап, өңірлік кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарламалардың қызметі 3 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

– бизнес-бастамаларды қолдау (пайыздық мөлшерлемелерді субсидиямен қамту және ШОК үшін мемлекеттік кепілдік);

– кәсіпкерлік секторларды сауықтыру (мөлшерлеменің бір бөлігін қормен төлем жасау және несиенен сыйақы);

– экспортқа бағытталған өндірісті қолдау (пайыздық мөлшерлемелерді шикізаттық

емес экспорттаушы сектор үшін субсидиямен қамту).

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы ШОК қолдауы Аймақтық инфрақұрылым бойынша әртүрлі ұйымдарда көптеген санымен танылған, яғни шағын және орта бизнесті басқаратын, сонымен қатар барлық мүмкін болатын бағыттарда көмек көрсету – жеке меншік істі құру және ұйымдастырушылық құқықтық формадағы таңдау бойынша кеңес алудан бастап шет елдегі серіктестік іздестіру мен Қазақстан Республикасы территориясындағы инвестицияны қызықтыруға дейінгі ақпараттармен қамтылады.

Қорытынды

Шын мәнінде, шағын және орта кәсіпкерлік – ел экономикасының ұтқыр әрі нәтижелі секторының бірі. Ішкі жалпы өнімнің елеулі бөлігін өндіру солардың үлесінде. Бұл жағдай тек дамыған елдерге ғана қатысты емес, өтпелі экономикасы бар елдерге де қатысты. Бірнеше жыл бұрын президентіміз Н. Назарбаев: «Жапония, Германия, Бельгия, Италия сияқты елдерде шағын және орта бизнес олардың барлық кәсіпорындары санының 90%-дан астамын құрайды, көптеген дамыған елдерде олар жалпы ішкі өнімнің 50%-дан астамын береді. Сондықтан да біздің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың түбірінен жаңа идеологиясын түзуіміз қажет. Бұл кәсіпкерлік ортаның бастамашылығын іске асыру үшін қолайлы жағдай туғызуымыз керек» – деген болатын. Шағын және орта бизнес дамыған елдердің тәжірибесін қолдана отырып Үкімет қаржылық сектор реформасы бойыншы тереңдетілген саясат жүргізеді және шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымның кешенді дамуына қарай: шағын бизнестің орталық желісін кеңейтуді, бизнес инкубаторларды, консалтингтерді, жалданған және басқа да фирмаларды, шағын кәсіпкерлікке қызмет көрсету үшін арнайы банктер құруды жүзеге асырады. Қазіргі таңда шағын кәсіпкерлікті тіркеу тәртібі оңайлатылған, яғни типтік жарғы енгізілген, тіркеу құрамасының көлемі 4 есеге дейін қысқартылған; шағын кәсіпкерліктің субъектілері үшін өнімнің сертификаттау рәсімі оңайлатылған; жылжымайтын мүлікті тіркеу бойынша жеңілдіктер енгізілген және жерге құқық берілген; мемлекеттік және ақылы бақылаушы, тексеруші ұйымдардың санының қысқаруы, шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне ауыстыру бойынша тендерлер жүргізіледі, яғни кәсіпкер-

лік саламен айналысатындарға, қолданылмаған аумақтарға және жерлерге, сонымен қатар аяқталмаған құрылыс орындарына, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне оңайлатылған бухгалтерлік есеп жүйесі енгізілді. Осыған орай, қазіргі таңда кәсіпкерлікті қолдау аясында базалық қағидаларға және қолдаудың формасы мен меха-

низміне негізделген көптеген институттар бар. Жалпы алғанда жыл бойынша кәсіпкерлік сектор реформасы қоғамда айқын орын алды. Негізгі стратегиялық мақсат жүзеге асты: шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысу республиканың азаматтарының шынайы және қажетті конституциялық құқықтарының бөлігіне айналды.

Әдебиеттер

- 1 <http://www.stat.gov.kz/>
- 2 <http://adilet.zan.kz/>
- 3 <http://kisi.kz/kk/categories/ekonomika-zhane-energetika/posts/shagyn-kasipkerlikti-biznesti-damytudyn-basym-bagyttary>
- 4 www.samruk-kazyna.kz
- 5 Жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлерге арналған кәсіпкерліктің жедел курсы = экспресс-курс предпринимательства для действующих предпринимателей. – Алматы, 2012. – 200 б.
- 6 Ширшова Л.В. Анализ развития малого и среднего предпринимательства в РК // Вестник. Серия экономическая. – 2011. – № 2. – С. 116-123.
- 7 Воевутко А.Ю. Государственная поддержка малого и среднего бизнеса в Казахстане // Финансы Казахстана. – 2011. – № 5. – С. 37-40.
- 8 <http://www.damu.kz/>

References

- 1 <http://www.stat.gov.kz/>
- 2 <http://adilet.zan.kz/>
- 3 <http://kisi.kz/kk/categories/ekonomika-zhane-energetika/posts/shagyn-kasipkerlikti-biznesti-damytudyn-basym-bagyttary>
- 4 www.samruk-kazyna.kz
- 5 Zhumys istep zhurgen kasipkerlerge arналган kasipkerliktin zhedel kursy-Almaty,2012-200 bet.
- 6 Shirshova L.B. Analizy razvitiya malogo i srednego predprinimatel'stvo v RK// Vestnik.Seriya ekonomicheskaya.-2011/-№2 С 216-123
- 7 Voevutko A.YU.Gosdarstvennaya podderzhka malogo I srednego biznesa v Kazahstane// Finansy Kazahstana.-2011-№5 С. 37-40
- 8 <http://www.damu.kz/>

Әжмұрат Н.Т., Шуренов Н.Б.

**Агроөнеркәсіп кешенінің
жетілдірудегі маркетингтің
маңыздылығы**

Осы мақалада агроөнеркәсіп кешенінің жетілдірудегі маркетингтің алатын орны мен оны аталған салада қолданудың ерекшелігі көрсетілген. Агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі таңдағы даму деңгейі талданған. Агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамытуда маркетингті қолдану үшін нарық қажеттілігіне сай келетін және аймақтағы халық шаруашылығы кешенінің индустриалды-инновациялық дамыту мақсаттарына толық жауап беретін, халықтың өмір сүру жағдайын жақсартуға қол жеткізуге мүмкіндік жасайтын сала құрылымы анықталып алынды. Шет елдер мен Қазақстандағы агроөнеркәсіп кешенінде маркетингті қолдануға салыстырмалы талдау жасалынып, шет елдік озық тәжірибені Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінде қолдануға ұсыныс жасалынған. Аталған мақалада Қазақстан аймақтарында агроөнеркәсіп кешенінде маркетингтік қызметті жетілдірудің стратегиялық бағыттары ұсынылған.

Түйін сөздер: маркетинг, агроөнеркәсіп, агромаркетинг, инновация, маркетингтік қызмет.

Azhmurat N.T., Shurenov N.B.

**The value of development
marketing in agro-industrial
complex**

This article describes what role is the improvement of the marketing in agro-industrial complex and its features in the field. Was analyzed the level of development of agriculture at this time. It became obvious that part of the industry the application of marketing in the continued development of agriculture in accordance with market demand and compliance requirements, development of industrial-innovative agricultural complex, achieving improvements in the standard of life of the people. And was analyzed the comparison of the use of agro-industrial complex between Foreign countries and Kazakhstan, it was proposed to use the best practices of Foreign countries in agro-industrial complex of Kazakhstan. In this paper, we have proposed strategic directions to improve the marketing service in the agro-industrial complex of Kazakhstan.

Key words: Marketing, agribusiness, agromarketing, innovation, marketing service.

Әжмұрат Н.Т., Шуренов Н.Б.

**Значение развития маркетинга
агропромышленного комплекса**

В этой статье отмечается роль усовершенствования маркетинга агропромышленного комплекса и его особенностей в названной сфере. Был проанализирован уровень развития агропромышленного комплекса на данное время. Стал явным состав отрасли применения маркетинга для постоянного развития агропромышленного комплекса в соответствии с требованиями рынка и соответствием требованиям цели развития индустриально-инновационного сельскохозяйственного комплекса, достижения улучшения уровня жизнедеятельности народа. Было проанализировано сравнение применения агропромышленного комплекса между зарубежными странами и Казахстаном, было предложено использовать лучший опыт зарубежных стран в отраслях агропромышленного комплекса Казахстана. В данной статье были предложены стратегические направления по улучшению маркетинговой службы агропромышленного комплекса Казахстана.

Ключевые слова: маркетинг, агропромышленность, агромаркетинг, инновация, маркетинговая служба.

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ МАРКЕТИНГТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Кіріспе

Қазіргі уақытта дүниежүзі жаһандық қаржылық, экономикалық дағдарысты бастан кешіріп отыр. Соған қарамастан, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың көрегендік саясатының арқасында Қазақстан Тәуелсіздік алған уақыттан бері дербес даму жолына түсіп, әлемдік қауымдастық алдында өз орнын айқындап, дағдарыстар толқынын еңсеріп келеді. Бұл ретте Мемлекет басшысының бастамасымен республикамызда ауқымы кең ұтымды жобалар мен инновациялық бағдарламалар тиімді жүзеге асырылуда.

Еліміз 2010 жылдан бастап үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті. Бүгінгі таңда Қазақстан Давос экономикалық форумының жаһандық бәсекеге қабілеттілік Индексінде 42-орынға және бизнес үшін ең қолайлы елдердің рейтингісі бойынша 41-орынға жайғасты. Алайда, экономикамыздың ауыл шаруашылығы секторының жаңаша бағытта дамуына агроөнеркәсіп кешенінің ғылыммен тығыз байланыста болмауы, жекеменшік ұсақ шаруалардың әлсіздігі, инновацияға бейімделмеген ауыл кәсіпкерлері мен фермерлері үшін қажетті ресурстардың жетіспеушілігі едәуір кедергі келтіруде. Осы факторлардың салдарынан, әсіресе ұсақ тауарлы өндіріс орындарында инновациялық технологияларды енгізуде көптеген қиындықтар кездесуде.

Тәжірибелік бөлім

Агроөнеркәсіп кешеніндегі маркетинг аталған ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған: Г.П.Абрамова, В.А.Клюкача, Г.Л.Пакулина, П.П.Сорокина, С.М.Ягуткина, А.Е.Матушкина, В.Г.Хаустова, Ю.А.Ципкина, С.К.Омарова және т.б.

Зерттеудің әдістемелік негізі болып диалектикалық таным әдісі болып табылады. Зерттеу барысында жалпығылыми әдіс (талдау, синтез, жүйелік әдіс), сондай-ақ арнайы таным әдісі (статистикалық әдіс) қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Ауыл шаруашылығы бүгінгі таңда біз ойлағандай қарқынмен дамып келе жатқан жоқ. Бұл ауылдық жерлердегі жү-

мыс жасайтын нарықтық субъектілердің құрылымына байланысты. Қазір елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен 191,5 мыңнан астам агроқұрылымдар мен 1,6 миллион үй шаруашылықтары айналысады. Агроқұрылымдардың 185,5 мыңы немесе 95,8%-ы – шаруа қожалықтары. Бұл шаруа қожалықтарының көбінің даму қарқыны үдемелі инновацияға негізделген жұмыстар атқаруға жеткіліксіз. Сондықтан бүгінгі күні ауыл шаруашылығындағы шағын өндірісті сақтап қалу – өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі таңда жалпы өнімнің 31%-ы шаруа қожалықтарының үлесінде және олардың 40 пайызының жерлері 10 гектардан аспайды. Мұндай шағын қожалықтардың өндіріп отырған тауарларының бәсекеге қабілеттілігі төмен, инновациялық технологияларды қолдануға, адам денсаулығына қауіпсіз азық-түлік өндіруге, жоғары білікті мамандарды жұмысқа тартуға мүмкіндіктері жоқ.

Мысалы, шаруа қожалықтарын алып қарасақ, 66%-ның ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлері 50 гектарға дейін және 83%-ның егістік алқаптары 50 гектардан аспайды. Мал шаруашылығы өнімділігінің төмендігінің басты себебі – олардың 72%-ы үй шаруашылығында шоғырланған. Сондықтан бүгінгі күні бізге өндіріске алдыңғы қатарлы агротехникалық шаралар кешенін қолдануға қабілетті, ірі тауарлы аграрлық құрылымдар қажет. Осындай кәсіпорындарда ғана инновациялық технологиялар мен ғылыми жобалардың нәтижелерін енгізуге және жаңа форматтағы мамандарды сонда жұмысқа орналастыруға мүмкіндік бар. Мұның бәрі өндіріс, білім және ғылым интеграциясы жағдайында ғана жүзеге асырылмақ [1].

Қазіргі заманғы маркетинг әдістері мен қағидаларын қолдану арқылы бүгінгі экономикалық шарттарда агроөнеркәсіп кешеніндегі кәсіпорындардың алдында тұрған сапалы жаңа міндеттерді шешу қажеттігі туындап отыр.

Агроөнеркәсіп саласында кәсіпорындарды басқарудың жаңа жүйесін қалыптастыру барысында маркетинг – қазақстандық шаруашылық тәжірибесі үшін кәсіпорындардың өндірістік-өтімдік қызметін ұйымдастыру мен басқарудың жаңа әдісі болып табылады. Нарықтық қатынастардың даму жағдайында ауыл шаруашылығында маркетингті қолдану кешенді-мақсатты тәсілді пайдалану арқылы тұтынушылардың талаптарына бейімделудің икемді тактикалық саясатын жүргізуге, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, дайындау, тасымалдау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу секілді өндіріс-

тік-экономикалық байланыстарының сан алуан түрлерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қарастырылған факторлар желілік қарым-қатынастар жиынтығымен анықталады. Бұл үрдіс белгілі бір қағидаларды сақтау арқылы ауыл шаруашылығы саласында маркетингтік қызметті ұйымдастыруды жүзеге асыруда оның ілімдік және әдістемелік негіздерін құрайды. Нарық жағдайында маркетинг кәсіпорынның бүкіл өндірістік және өткізу қызметін ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізіне, ал маркетингті басқару оларды басқару жүйесінің маңызды бөлігіне айналуы тиіс. Сол себептен, кәсіпорындарда маркетинг – дербес маманданған ішкі шаруашылық бөлімше ретінде қызмет атқаруы керек.

Маркетинг – күрделі әрі көп аспектілі әлеуметтік-экономикалық құбылыс, дербес экономикалық үдеріс, ойлау түрі және тұжырымдамасы. Сондай-ақ, үнемі құбылып отыратын қазіргі нарықтық шарттарда бизнесті жүргізу әдістемесі мен технологиясы, фирманың саясаты, стратегиясы және тактикасы болып табылады. Аграрлық-өнеркәсіп кешенінде маркетингті қолданудың мәні өндірісті өндірілген өнімге деген сұранысқа сәйкестендіру және өнімнің бәсеке қабілеттілігін арттыру, кәсіпорынның ресурстарын мақсаттармен ұштастырудан, алмақсаттарды-тұтынушылар талаптарымен байланыстырудан көрінеді. Аграрлық маркетингті жеке кәсіпорын шеңберінде әрекет етуші микромаркетинг және мемлекеттік билік органдары арқылы мемлекет көлемінде жүзеге асатын макромаркетинг деп екіге бөліп қарастыру қажет. Қазіргі кезеңдегі агромаркетингтің дамуының негізгі тенденцияларына ғылыми-техникалық прогрестің, әсіресе ақпараттық, технологиялық әсердің күштілігін, халық ішіндегі әлеуметтік белсенді топтар санының өсуін, маркетингтің инновациялық сипатқа ие болуымен сипатталады. Маркетингтік басқару ілімінің әдістемелік негіздері көзқарасынан кез келген «кәсіпорынның және ұйымның табысты қызмет етуін жоспарлаудың» негізі инвестициялық талдау болып табылады. Бұл тұжырымда басты екі жағдай маңызды болып табылады. Біріншісі, әртүрлі нарықтық жағдайлар үшін және әртүрлі бағалаушы субъектілердің шекті пайдалылығын сандық өлшеу мүмкіндігі. Өлшеудің сәйкес моделін қолдану негізінде экономикалық жағдайдың математикалық-статистикалық моделін қалыптастыруға мүмкіндік туады. Екіншісі, инвестиция мәселелерін, уақыт шеңбері бойынша оны орналастырудың әртүрлі нұсқалары кезіндегі нысан құндылығының өзара әрекетке түсуін

талдау маркетингтік зерттеудің әдістемелік негізі ретінде қарастыру жағдайымен анықталады. Бұл ретте инвестицияның экономикалық жүйемен өзара әрекеттесу үрдісін талдау қосымша әдістерді қолдануды талап етеді.

Инвестициялау үрдісі маркетингті басқару саласында инвестициялауды жүзеге асыруда компанияның нарықтағы даму сатысындағы табысқа қол жеткізуіне алып келетін әмбебап, жүйе жасаушы шарт болып табылады. Қазіргі таңда ауыл шаруашылық өндірісінде маркетингті ұйымдастыру мен дамытудың негізгі қағидалары жалпы сипатқа ие. Оларды біртұтас жүйеге біріктіру үшін мынадай бағыттарды ұстанған тиімді болып табылады:

– ауыл шаруашылық нарығындағы жоспарлау, баға белгілеу, үлестіру және басқару жөніндегі іс-шаралардың біртұтас жүйесі, шаруашылықтар мен меншіктің барлық ұйымдық-құқықтық түрлерінің ұдайы өндірісін нарықтық шарттарға бейімделген ауылдық елді мекендерде жүргізуге мүмкіндік беретіндей және тұтынушы сұранысын барынша қанағаттандыруға толығымен бағытталуға тиіс;

– бәсекеге төтеп бере алатын азық-түлік тауарларының түрлерін көбейту және сапасын жақсарту, сондай-ақ, өндірілген өнімді өткізудің озық тәсілдерін оңтайлы пайдалану және игеру қажет;

– тауар өндіру, дайындау, тасымалдау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу үрдісінің күллі иерархиялық деңгейінде біртұтас маркетинг жүйесіне бірігетін барлық ұйымдық құрылымдардың өзара әрекеттестігіне сүйене отырып, ауыл шаруашылық нарығында маркетингтік құрылымдарды ұйымдастыру үшін кешенді-мақсаттық тәсілді қолдану керек. Аграрлық саладағы маркетингтік қызметтің ерекшеліктері және оның мамандануы – шығындар мен нәтиженің арақатынасы тұрғысынан кәсіпорынның мақсатына едәуір тиімді қол жеткізуге мүмкіндік беретін формада құрылған басқару деңгейлері мен функционалдық салалар арасындағы қисынды өзара қарым-қатынастарды сипаттайтын ұйым құрылымын құруда айқын көрінетін еңбек бөлінісінің бір түрі болып табылады.

Агротаркетингтің ерекшеліктері агробизнес жүйесіндегі нарықтардың және аграрлық азық-түлік кешеніндегі сұраныстың, ұсыныстың, бағаның деңгейімен анықталады. Қазақстан Республикасындағы агробизнес кешенінің негізі мен өзегін халық үшін азық-түлік өнімдері мен өнеркәсіптің көптеген салалары үшін шикізат өндіретін ауыл шаруашылығы құрайды.

Ал, қалған салалар болса, ауыл шаруашылығына қызмет көрсете отырып, өзіндік маңызға ие болып табылады. Көптеген дамыған елдердің даму тәжірибесінен нарықтық жүйенің ауыл шаруашылығын тиімді дамыту үшін қажетті шарттармен қамтамасыз етілмегендігімен дәлелденеді. Стратегиялық сала бола отырып, көптеген дамыған елдерде ауыл шаруашылығы жоғары сұраныс деңгейіне мемлекеттік қолдау саясатынан басқа маркетингтік және кеңестік қызмет көрсетуші ұйымдар желісі көмегі арқылы қол жеткізіп отырады. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай «extention» қызметі және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін оқыту көмегі арқылы аграрлық өндірісте білімді кеңейту және оны қолдану әркез өзінің пайдалылығын жоғалтқан емес.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту әлемдік қаржы дағдарысына қарсы іс-шаралардың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Тауарлар нарығындағы агротаркетингті жетілдіру осы бағыттағы әрекеттер жоспарын жүзеге асыру тетіктерінің негізі болып отыр. Бұл жағдай маркетингтің рөлі мен маңызы туралы көзқарастарға сәйкес келеді. Нарықтық экономика жүйесінде ойдағыдай қызмет етіп, тұтынушыларды барынша қанағаттандыру және пайда табу үшін маңызды мәселенің бірі агроөнімдерін қай нарыққа шығару қажеттігін анықтау екендігі мәлім. Өнеркәсіптік тауарлар нарығындағы агроөнімдер маркетингі көп ретте жарнама және тауар өткізу ісіне бағытталған. Бұл бірқатар объективтік және субъективтік себептермен түсіндіріледі. Нақтырақ айтқанда, нарықтық қатынастар дамуының төмен деңгейі, қаржы болмауынан туындаған қиындықтар, мәлімет жинау мен ақпарат бөлісу жұмысының шектеулілігі, берілген жүйе бойынша ғылыми-зерттеулер мен ізденістердің жетіспеушілігі, нарықтық тауарлар инфрақұрылымының төмен деңгейлігі және кәсіпорында маркетингтік қызметті дұрыс жолға қоятын тәжірибелі мамандардың жеткіліксіздігі, яғни дәлірек айтқанда, маркетингтік қызметті сапалы түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әдістердің әдістемелер деңгейінде ғана қолданылуы сияқты келеңсіз факторлар себебінен жарнамалық қызмет деңгейінде қалып отыр. Агротаркетингті жүзеге асыруға арналған еңбектер шетел тәжірибесін қолдануға бағытталғандықтан Қазақстандағы экономикалық жүйенің ерекшеліктері мен жағдайларын ескере бермейді. Маркетингтің негізгі заңдылықтары мен әдістері бірыңғай болып келеді, сондықтан олар іс жүзінде экономиканың

барлық саласында қолданылады. Шетелдік деректерге сүйенсек, олар нақты бір фирмаға жан-жақты жасалған талдау арқылы құрылған ғылыми негіздемесі болған жағдайда ғана маркетингті табысты түрде қолдануға болады деп тұжырым жасайды. Қазақстанда нарық кезеңінде маркетинг қызметімен айналысу тәжірибесінің аздығына байланысты қалыптасқан жағдайда қиындықтар кездесуде. Сонымен қатар, өнеркәсіптік тауарлар нарығында немесе тұтынушылар нарығында болсын агромаркетингті жетілдіруде экономикалық-математикалық әдістерді қолдану жағдайы сирек кездеседі. Сондықтан, маркетингті іс жүзінде ұйымдастыру және оның тиімділігі мен сапалылығын көтеру маңызды мәселе болып табылуда. Дегенмен, Қазақстанда АӨК кәсіпорындарының салалық маркетинг қызметінің тұжырымдамасын дайындаудың ғылыми негізделген тәсілдері және әртүрлі формадағы шаруашылықтарда маркетинг қызметтерін ұйым-

дастыру, маркетингтік құрылымдарды өзара байланыстыру және ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін маркетингтік ұйымдарды біртұтас жүйеге біріктіру мүмкіндіктері әзірге болмай отыр [2].

Аймақта ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда маркетингтік қызметті қолдануды жетілдірудің ғылыми-негізделген қатынасын жасау үшін саланың құрлымдық саясатының маңызды бағыттарына негізделген, оның болашақтағы құрылымдық қайта құрылуын болжамдау жолдары (1-сурет):

- ауыл шаруашылығы құрылымдарын аймақтық мамандандыру және ірілендіру;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге негізделген салалар мен өндірісті дамыту;
- қаржылық, сақтандыру инфрақұрылымдары және ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету жолымен АӨК субъектілерінің кәсіпкерлік белсенділігін арттыру.



1-сурет – Маркетингтік қызметті ұйымдастыру үлгісі

Осы ұсыныстарға сәйкес, аймақтағы қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай мен тенденцияға қарай, агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытуда маркетингтік қызметті жетілдірудің стратегиялық бағыттарын негіздеуге әрекет жасалды.

Зерттеулерге негізделе отырып, Қазақстан аймақтарында агроөнеркәсіп кешенінде марке-

тингтік қызметті жетілдірудің төмендегі стратегиялық бағыттарын ұсынамыз:

- тұтынушылардың сұранысына және маркетинг саласындағы жаңалықтар мен нарықтағы өзгерістерге бейім келетін біртұтас икемді маркетинг кешенін құру, сондай-ақ, облыс, аудан көлемінде бірқатар бірыңғай кәсіпорындар мен бірлескен құрылымдардың маркетингтік қызметтері

мен міндеттерін кеңейту арқылы агромаркетингтің ұйымдық құрылымдарын дамыту қажеттілігі;

– ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге негізделген, ғылыми сыйымды және еңбек сыйымды салаларды (жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнеркәсіп) жедел дамыту және бұл салаларда маркетингтік басқаруды кеңінен қолдануды жетілдіру мүмкіншілігі;

– ауыл шаруашылығына инвестиция тартуды ынталандыру негізінде агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуын қамтамасыз етілуі [3].

Қорытынды

Шет елдердегі аграрлық өндірісте маркетингті қолдану үрдісі мен Қазақстанның маркетинг жүйелерін салыстырмалы талдау нәтижелері отандық өндірушілерді қолдау саясатының әлсіздігі, ішкі нарықтың протекционистік шаралармен қорғалмағандығы, маркетингтің рөлін басшылардың жете түсінбеуінен және т.б. мәселелердің барлығынан елімізде маркетингтің

дамуы елеулі дәрежеде артта қалып отырғанын аңғартады. Қазіргі кезеңде ауыл шаруашылығы саласындағы маркетингтің даму серпін ескере отырып, агромаркетингті маркетинг субъектілерінің экономикалық өзара байланыстарын желілік қарым-қатынастар арқылы тиімді пайдалануға бағытталған қызметтің арнайы кешенді түрі ретінде қарастыру маңызды мәнге ие. Бұл агроөнеркәсіп кешеніндегі маркетинг субъектілерінің желі арқылы бір-бірімен байланысып, тұрақты қарым-қатынас орнатып отыратынын және бұның агромаркетинг саласында желілік теорияны жан-жақты негіздеп, ұсынуға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Қазіргі таңда еліміздің жекелеген аймақтарының агроөнеркәсіп кешенінің алдында тұрған басты міндет тұрақты дамитын аграрлық-индустриялық және инновациялық орталыққа айналу, отандық тауарлардың әлем нарығына шығаруға жәрдемдесуді жүзеге асыру үшін маркетингтік қызметті қолданудың жаңа жүйелерін қалыптастыруды қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Есполов Т. Ауыл шаруашылығының тұрақты даму жолы – кооперация // Ақтөбе, 2016. – URL: <http://www.aktobegazeti.kz/?p=38121>
- 2 Омарова С.К. Маркетинг в агропромышленном производстве. – Алматы: Экономика, 2001. – 51 с.
- 3 Молдашбаева Л.Б. Агроөнеркәсіп кешенінде маркетинг қызметінің дамуы және жетілдіру бағыттары // Прага, 2014. – URL: http://www.rusnauka.com/35_FPN_2014/Economics/6_179804.doc.htm

References

- 1 Espolov T. Auyl sharuashylygynyn turakty damu zholy – kooperatsiya // Aktobe, 2016. – URL: <http://www.aktobegazeti.kz/?p=38121>
- 2 Omarova S.K. Marketing v agropromyshlennom proizvodstve. – Almaty: Ekonomika, 2001 g. – 51 s.
- 3 Moldashbaeva L.B. Agroonerkasip kesheninde marketing kyzmetinin damuy jane zhetildiru bagyttary // Praga, 2014. – URL: http://www.rusnauka.com/35_FPN_2014/Economics/6_179804.doc.htm

Адаева Н.А.

**Даму мүмкіндігі шектеулі
тұлғалардың білім алу құқығын
жүзеге асырудың
ұйымдық-экономикалық
механизмі**

Бұл мақалада автор инклюзивтік білім берудің халықаралық, отандық заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасын, соның ішінде, БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған мүгедектердің құқықтары туралы халықаралық Конвенциясының орнын, сондай-ақ, даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды инклюзивтік оқытудың инновациялық мақсаттық жобасын енгізудің негізінде білім берудің жалпы кеңістігіне қосудың ұйымдық-экономикалық механизмін қамтамасыз ету жөнінде айтқан. Зерттеу нәтижелерінің негізінде қоғамның инклюзивтік білім беруге дайындығы ретінде жалпы және арнайы білім беруді жақындастырудың мәселелерін қарастыру арқылы аталған категориядағы тұлғалардың толыққанды білім алуы зерделенген. Сондай-ақ, кейінгі жылдардағы Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің санының динамикасына және даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың әр аймақ бойынша үлес салмағына талдау жүргізілген. Жалпы білім беру мекемелеріне мүгедектерді интеграциялауға не нәрсе кедергі жасайтыны анықталған. Сонымен қатар, инклюзивтік білім беру принципін заң немесе саяси декларация түрінде қабылдау және ол үшін білім беру туралы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізумен қатар инклюзивтік білім беруді басқаруға Қазақстан Республикасында арнайы заңнамаларды қабылдау ұсынылады.

Түйін сөздер: ұйымдық-экономикалық механизм, мүгедектер, халықаралық құжаттар, инклюзивтік білім беру, даму мүмкіндігі шектеулі жандар.

Adayeva N.A.

**Organizational-economic
mechanism of realization of the
right to education of persons
with limited development
opportunities**

In the given article the author studied the international and domestic legal frameworks for inclusive education, including the values adopted by the UN General Assembly of the International Convention on the Rights of Disabled Persons, scientific and methodological support organization related to including disabled children in a common educational space through innovative target project introduction of inclusive education. At the same time a sociological survey was conducted as well. Based on the research results concerning the readiness of society for inclusive education there were considered the main directions for the convergence of systems for general and special education issues to obtain a full education for the above mentioned children. In addition, an analysis of the dynamics of growth of disability in the Republic of Kazakhstan minute analysis of the share of each region, the number of people with limited development opportunities. The circle of problems hindering the integration of persons with disabilities in the development of educational institutions. The inclusive education management is involved in the formation of special control and inclusive education model in the Republic of Kazakhstan.

Key words: organizational– economic mechanism, disabled, international documents, inclusive education, persons with limited development opportunities.

Адаева Н.А.

**Организационно-
экономический механизм
реализации права на
образование лиц с
ограниченными
возможностями развития**

В данной статье автором изучены международные и отечественные нормативно-правовые акты инклюзивного образования, в том числе определены значения принятой Генеральной Ассамблеи ООН международной Конвенции о правах инвалидов, а также обосновано научно-методическое обеспечение организации включения детей с ограниченными возможностями развития в общеобразовательное пространство, на основе внедрения инновационного целевого проекта инклюзивного образования. На основе результатов исследования готовности общества к инклюзивному обучению рассматриваются основные направления сближения систем общего и специального образования в решении вопросов полноценного образования указанной категории лиц. Кроме того, был проведен анализ динамики роста инвалидности в Республике Казахстан и анализ удельного веса каждого региона числом лиц с ограниченными возможностями развития. Определен круг проблем, препятствующих интеграции лиц с ограниченными возможностями развития в образовательные учреждения. Управление инклюзивным образованием предполагает формирование специального органа управления и модели инклюзивного образования в Республике Казахстан.

Ключевые слова: организационно-экономический механизм, инвалиды, международные документы, инклюзивное образование, лица с ограниченными возможностями развития.

**ДАМУ МҮМКІНДІГІ
ШЕКТЕУЛІ
ТҰЛҒАЛАРДЫҢ
БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ
ҰЙЫМДЫҚ-ЭКОНО-
МИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМІ**

Кіріспе

Қазіргі заманғы әлем жаһандану жағдайында энергетикалық, қаржылық, әлеуметтік және мәдени жүйелерде дағдарыстарды бастан кеше отырып дамуда. Осының барлығы қоғамдық дамудағы қайшылықтарды күшейте отырып, мемлекеттің әлеуметтік моделін ұйымдастырудың жаңа мағынасын іздеуге және адам ресурстарына ерекше көңіл бөлуге итермелейді. Әсіресе, бұл мүмкіндігі шектеулі тұлғалар мен мүгедек жандарды қоғамдық ортаға бейімдеп, білім беріп, жұмыспен қамтамасыз ету мәселелерін шешуде өзекті болуда.

Тұрғындардың туа біткен немесе кейіннен пайда болған денсаулықтарының бұзылуы, әдеттен тыс немесе қалыпты құбылыс емес. Атап айтқанда, Қазақстан экономикасында шамамен 1,7 миллион адамның қандай да бір сенсорлық, интеллектуалдық, психиатриялық немесе өзге де ауытқушылықтары бар. Алайда, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін тиісті жағдайлардың болмауына байланысты, олардың әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірге араласу әлеуеті айтарлықтай төмен. Өмірдің түрлі салаларына мүгедектерді тарту мәселесі мемлекет пен қоғамның ерекше назар аударуын талап етеді. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар тап болатын күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, тұрақты дамудың тиісті стратегияларының ажырамас бөлігі ретіндегі мүгедектік мәселелерін есепке алудың маңыздылығын мойындап, 2006 жылдың 13 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясында мүгедектердің құқықтары туралы халықаралық Конвенциясы (әрі қарай – Конвенция) қабылданды [1] және оған Факультативтік хаттама және 2007 жылдың 30 наурызынан бастап оны ратификациялауды ниет еткен мемлекеттердің қол қоюы үшін ашық деп жариялады. Бүгінгі күні Конвенцияға 147 мемлекет қол қойды (90 мемлекет Факультативтік хаттамаға қол қойды) және 95 ел қазірдің өзінде оны ратификациялаған, (58 – Факультативтік хаттамасын ратификациялады) [2]. Конвенция мен Факультативтік хаттамаға қол қойған елдер мүгедектердің құқықтарын жақсарту үшін ұйымдық-экономикалық сипаттағы заңдар мен шараларды қабылдауға, денсаулығы нашар тұлғалардың мүдделерін бұзатын құқықтық нормалар

мен әдеттерден құтылуға міндетті болып табылады.

2008 жылдың 11 желтоқсанында қол қойған Қазақстан Республикасы да осы құжатты ратификациялау үшін тиісті заңнамаға өзгерістер мен мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын жүзеге асырудың ұйымдық-экономикалық тетіктерін жетілдіруді талап ететін кешенді шешімдер дайындай отырып, 2015 жылдың 20 ақпанында осы Конвенцияны ратификациялады. Конвенцияға сәйкес, мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамның басқа да мүшелері сияқты барлық негізгі құқықтар мен бостандықтарды пайдаланулары керек. Сонымен қатар, даму мүмкіндігі шектеулі (бұдан әрі – ДМШ) жандарды белсенді өмірге тарту үшін ерте жастан бастап олардың білім алу құқығын жүзеге асыру маңызды болып табылады. Білім алу кез келген адамның өмірінде маңызды роль атқарады, бірақ мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың өміріне, ол салыстырмалы түрде әлдеқайда үлкен орын алады. Білім алу үдерісінде қоғамда өзін-өзі көрсете білу қабілеті дамиды, қарым-қатынас жасау ортасы қалыптасады, түрлі салаларда тәуелсіз және жауапты іс-әрекет ету үшін дайындығы жүзеге асады, олардың физикалық және ақыл-ой дамуын реттейтін қабілеттерінің қалыптасуы қамтамасыз етіледі. Толыққанды білім алмаған жағдайда мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың болашақта кедейшілікке және қоғамнан оқшаулануға ұшырау қаупі жоғары болады. Сондықтан да, даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың баршамен бірдей деңгейде инклюзивтік білім алуларының маңызы зор.

Атап айтсақ, «Инклюзивтік білім беру» тұжырымдамасының негізінде ағылшын термині «inclusion» жатыр, аударғанда «қосылу, енгізу» дегенді білдіреді. Француз тілінен аударғанда «inclusif» термині «өзін қосатын» дегенді, ал латынша «include» «қосамын» дегенді білдіреді. Сөздіктерде инклюзивтік білім беру – ерекше қажеттіліктері бар жандардың білім алуын қамтамасыз ететін білім беру процесі [3].

Әдебиеттерге шолу

Бүгінгі күннің өзекті мәселесіне мүгедек балалары бар отбасыларының төменгі экономикалық мәртебесі жатады. Мұндай отбасыларында ата-анасының біреуі бала күтіміне байланысты өз жұмыс орындарын тастауға мәжбүр болады. Аналар негізінен көбінесе осындай ерекше баланың тәрбиесімен айналысатын болғандықтан, өз кәсіби мансабына көп көңіл бөлмейді. Бұл, әрине, олардың еңбек

нарығындағы ұтқырлығын шектейді және одан әрі оқу немесе қайта даярлау үрдісін қиындатады [4]. Мұндай жағдайлар көбінесе баланың психо-эмоционалдық мәселелерінің туындауына себеп болып табылады, өйткені, қаржының тұрақты тапшылығының кесірінен баланың киім-кешекке жарымауы және қосымша медициналық көмекке жүгіне алмауы арқылы негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкін емес болады. Бүкіл халықтың әл-ауқатын бағалау кезінде оның экономикалық құрамдас бөлігі маңызды болып табылады [5].

Білім алуға қол жеткізе алмайтын мүмкіндігі шектеулі жандардың барлығы дерлік қоғамға және өз отбасына экономикалық ауыртпалық әкеле отырып, ұзақ мерзімді, өмір бойғы кедейшілікке тап болады. Бұл мәселенің ерекше маңыздылығын ескере отырып, мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны қабылдауға дейін ДМШ тұлғалардың құқықтарын қорғау және білім беру мәселелері бірқатар халықаралық құжаттарда қарастырылды: бала құқықтары Декларациясы (1959), білім беру саласындағы кемсітуге қарсы Конвенция (1960), ақыл-есі кем тұлғалардың құқықтары туралы Декларация (1971), мүгедектердің құқықтары туралы Декларация (1975), бала құқықтары туралы Конвенция (1989), балаларды қорғау және дамыту жөніндегі дүниежүзілік Декларациясы (1990), мүгедектердің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етудің стандарттық ережелері (1993), ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың білім алуы жөніндегі Саламанка мәлімдемесі және іс-қимыл Негіздемелігі (1994), балалар өміріне қажетті әлем Декларациясы мен іс-қимыл жоспары (2002) және тағы басқалар.

Алайда, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға білім беру және олардың құқықтарын қорғау саласындағы Конвенция мен басқа да халықаралық құжаттардың негізгі идеясы, инклюзивтік білім беру принципін айқын міндеттемеге айналдырды, мүгедектік немесе оқытудың бұзылу салдарларынан болған арнайы білім беру қажеттіліктері бар (әрі қарай – АББҚ), балалар мен жастар жалпы білім беру ортасына енгізілуі тиіс, яғни оларды оқшауламау қажет. Білім берудегі инклюзия – қоғамдағы инклюзия деңгейіне тең, елдің әлеуметтік-экономикалық процестеріне ДМШ жандарды енгізу, оның гуманитарлық даму идеяларының бірі. Инклюзия процесі, әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесін өзгерте отырып жалпы әлеуметтік даму процестеріне оң әсер етеді.

Көптеген елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, АББҚ бар тұлғалардың интегра-

циясы инклюзивтік оқу орындарында жағымды өтеді. Инклюзивтік оқу орындарының негізгі принципі барлық адамдар мүмкін болған барлық жағдайларда, олардың арасында болуы мүмкін кез келген қиындықтар мен айырмашылықтарға қарамастан бірге білім алуы тиіс болып табылады. Инклюзивтік оқу орындарының мақсаты – барлық оқытылушыларға ұжымның ең белсенді бөлігі ретінде, қоғамдық өмірдің толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беру, осылайша толық ынтымақтастықты, жергілікті қоғамдастық мүшелері ретінде бір-біріне көмектесуді қамтамасыз ету. Тек осы жағдайларда ғана ерекше білім алу қажеттілігі бар жандардың білім алу және әлеуметтік интеграциялау тұрғысынан ең жоғары нәтижелерге қол жеткізе алады. Осыған байланысты, Саламанка декларациясында былай делінген: «Инклюзивтік мектептерді оқытудың әр түрлі түрлері мен темптеріне сәйкес келтіру арқылы олардың оқушылардың әр түрлі қажеттіліктерін тануға және ескеруге, сондай-ақ, тиісті оқу бағдарламаларын дамыту арқылы барлығы үшін сапалы білім беруді қамтамасыз етулеріне, ұйымдастырушылық шараларды қабылдауға, оқытушылық стратегиясын әзірлеуге, ресурстарды және серіктестіктердің байланыстарын тиімді пайдаланулары тиіс» [6].

Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға инклюзивтік білім беру, адам құқықтары мен әділеттілік тұрғысынан қорғалғанымен қатар, экономикалық аргументі де өте нанымды болып табылады. Барлығы үшін сапалы білім беру және әлеуметтік инклюзия үшін тең жағдай жасау бойынша халықаралық тәжірибеде, инклюзивтік білім берудің экономикалық тиімділігін зерттеу де оның пайда, табыс, жетістік терминдер тұрғысынан да артықшылықтарын көрсетуде. Инклюзивтік білім беруді көп жағдайда қателесіп көп күшті талап ететін, орынсыз, өте қымбат деп санап келген, бірақ Дүниежүзілік банктің және басқа да халықаралық зерттеулер көрсеткеніндей, ол тек қымбат емес, сондай-ақ, ол арнайы білімге қарағанда неғұрлым үнемді екені анықталған: мүгедек – балаға білім беруді көрсетуден түскен кірістер, қосымша шығындардан басым.

Дамыған елдер арнайы білім беру нұсқасының (арнайы интернат пен оқу мекемелерінің) түрлі ұйымдастырушылық, әкімшілік құрылымдар мен жүйелер қызметтерінің тиімсіз, тым қымбат және қаржылық жағынан негізсіз нысан екенін түсіне бастады. Инклюзивтік білім беру жүйесі, екі бөлек білім беру жүйесіне

қарағанда (жалпы және арнайы) қымбат емес болып табылады: бір білім беру жүйесінің әкімшілік шығындары да төменірек болады. Білім берудегі ерекше қажеттіліктері бар жандардың 80, 90% интеграциялау үшін қажетті қолдау көрсеткен жағдайда, олар жалпы оқу орындарына оңай біріктірілетіндігін тәжірибе көрсетіп отыр. Осыған байланысты, статистика көрсеткендей: АҚШ-та ерекше қажеттіліктері бар жандардың шамамен 45% жалпы оқу орындарына біріктірілген, Италияда бұл көрсеткіш бір мәліметтер бойынша 80%-дан 95%-ға дейін, ал екінші мәліметтерде – 99,9%-ға дейін, яғни барлығы дерлік. Канадада Жаңа Брансуик провинциясында арнайы оқу орындары мүлдем жоқ [7].

Конвенцияны еліміздің ратификациялауы ДМШ тұлғаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін ұлттық білім беру жүйесін түбегейлі өзгерту көзқарасын жаңғыртуды талап етеді, яғни, даму мүмкіндігі шектеулі жандарға толыққанды өмір сүрулері үшін арнайы жағдайлар, қолжетімді білім беру ортасын жасау. Инклюзивтік білім беруді енгізу, тұтастай алғанда білім беру мақсаттарының негізгі өзгерістерін бағдарлауға септігін тигізетін білім беру саласындағы көптеген инновациялық процестердің «кристалдану нүктесі» болуы тиіс.

Конвенцияда мүгедектік белгісі бойынша теңдік және кемсітпеушілік құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін заңнаманың нақты түріне артықшылық білдіре алмайтындықтан, мемлекеттер өз құқықтық жүйелері мен мүмкіндіктерінің үздік қолайлы тәсілін еркін таңдай алады делінген. Атап айтқанда, теңдік және мүгедектігі бар жандарды кемсітпеушілік жөніндегі жан-жақты заң қабылдауға болады және онда білім беру де реттелуі қажет, содан кейін салалық заңнамада теңдік және кемсітпеушілік кепілдіктері біріктірілуі қажет.

Материалдар мен талдаулар

Еліміздегі мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім алу құқықтарын реттейтін нормативтік-құқықтық негіздердегі мемлекеттік құжаттарға тоқталсақ, ең басты және маңыздысы болып табылатын Қазақстан Республикасының Ата Заңында былай делінген: «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті» [8]. ҚР-дың заңнамасына сәйкес, «мүгедек-балалар» термині 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді қамтиды. Қазіргі кезде еліміздің барлық жастағы мүмкіндігі шектеу-

лі тұлғалардың білім алуға құқықтары 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III қабылданған «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалады, оған сәйкес мемлекет ДМШ азаматтар үшін білім беру, дамуындағы олқылықтарды түзетеді және арнайы педагогикалық тәсілдерге негізделген әлеуметтік бейімделуіне жағдайлар жасайды. Әр түрлі білім беру мекемелерінде және үйде білім алуға мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдай жасау нұсқасы қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, осы Заңның 21-3 тармақшасында: «инклюзивтік білім беру – оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына білім алушылардың өзге де санаттарымен тең қолжетімділікті, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытуға түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды көздейтін, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу»

делінген [9]. Қазақстан Республикасының 11.07.2002 жылғы «Кемтар балаларға әлеуметтік-медициналық-педагогикалық-психологиялық түзеу арқылы қолдау туралы» № 343 заңы бойынша сыныптарда, үйде оқыту, үйден әлеуметтік көмек көрсету, көмекші бағдарлама, арнайы бағдарлама бойынша куәлік беру ережелерін және мүмкіндігі шектеулі жандарды қорғау, қамқорлық жасау, диагнозын анықтау, емдеу, оңалту, тәрбиелеу, оқыту, қатарға қосу мәселелері бойынша жаңадан шыққан заң, қаулы, ереже тәртіптерінде қаралған [10].

Қазіргі уақытта, ДМШ тұлғаларға арналған сараланған желілік арнайы оқу орындары қарастырылған. Оған еліміздегі мүмкіндігі шектеулі жандардың санының жыл санап өсуі түрткі боп отыр. Енді еліміздегі мүгедектердің, соның ішінде мүгедек-балалардың даму динамикасын келесі (1-кесте) кестеден көре аламыз.

1-кесте – 2011-2015 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасындағы мүгедек-балалар санының динамикасы

Жыл	ҚР жалпы халық саны			Мүгедек-балалардың жалпы халық санындағы үлесі, %	Мүгедек-балалардың мүгедектердің жалпы санындағы үлесі, %
	Барлығы	Соның ішінде			
		Мүгедектер саны	Мүгедек-балалар саны		
2011	16440124	563086	61196	0,37	10,9
2012	16673077	609780	65844	0,39	10,8
2013	16909776	626740	69111	0,41	11,03
2014	17160774	627163	72574	0,42	11,57
2015	17417673	637217	75712	0,43	11,9


Ескертпе: [11] мәліметтері негізінде автормен жасалған.

1-кестеден көріп отырғанымыздай, даму мүмкіндігі шектеулі балалардың саны жылдан-жылға артып отыр, сондай-ақ, олардың саны жалпы халық санына және жалпы мүгедектердің санына қатысты да артып келеді. Қазақстанда мүгедектік процесіне әсер ететін факторлардың біріне елдегі қолайсыз экологиялық жағдайдың салдарынан жалпы сырқаттанушылықтың артуы жатады. Мұнда негізгі факторлар болып табылатындар: судың, ауаның ластануы, шөлейттену. Қазақстанның көптеген облыстарында халықтың қауіпсіз ауыз суға қол жеткізу мүмкіндігі жоқ. Ауыз су қолжетімділігінің орташа республикалық көрсеткішінің жыл сайынғы 3-5% төмендеуі

халықтың денсаулығына теріс әсер етеді. Сырқаттанушы халық санының өсуіне әсер ететін тәуекел факторларының біріне ауаның ластануы жатады.

Қоршаған ортаның ластануы, ең алдымен, сырқаттанушылықтың өсуіне әкеледі. Еңбек нарығында ақаулы жұмыс күші пайда болады – «экологиялық» топ деп аталатын. Олардың тек денсаулықтары ғана нашар емес, сондай-ақ, оларға жұмысқа деген ынталарының төмен болуы және әлсіз психологиялық оңалту тән.

2015 жылғы даму мүмкіндігі шектеулі балалардың әр аймақ бойынша үлес салмағын келесі суреттен көруге болады (1-сурет).



1-сурет – 2015 жылғы даму мүмкіндігі шектеулі балалардың әр аймақ бойынша үлес салмағы. Ескертпе: [11] мәліметтері негізінде автормен жасалған

1-суреттен көріп отырғанымыздай, даму мүмкіндігі шектеулі балалар әр аймақта да бар және олардың үлесі 2-3% төмен емес. Балалардың мүгедектік көрсеткіштерінің артуы, күрделі патологиясы және ақауларының өсуі, ең алдымен ана мен баланың денсаулығына өндірістік шығарындылардың әсерінен болатын елдегі экологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты және қанағаттанарлықтай медициналық қадағалаудың болмауы әсер етеді. Атап айтқанда, Шығыс-Қазақстан облысындағы даму мүмкіндігі шектеулі балалардың үлес салмағының 8,91% болуы осы аймақтағы Семей ядролық полигонының зардабының адамдардың қанымен жетінші ұрпаққа дейін жететінін ескеру қажет, соған жақын жатқан орасан үлкен аймақтар да Павлодар, Қарағанды және тағы басқа да облыстар радиоактивті ластануға ұшырады. Ал, мұнай өндіру аймақтарында ауада газды жағу, ашық ауада күкіртті сақтау орын алады. Соның нәтижесінде сол аймақтардағы көптеген тірі ағзалар және тұрғын халықтар, соның ішінде балалар зардап шегуде.

Суреттен Оңтүстік Қазақстан облысындағы даму мүмкіндігі шектеулі балалардың 22,84% құрайды, яғни барлық мүмкіндігі шектеулі балалардың $\frac{1}{4}$ бөлігі, бұл осы аймақта сапалы медициналық көмек көрсететін білікті мамандардың өз деңгейінде болмағандығынан деп те (2006 жылы Шымкент ауруханасында 220 балаға ВИЧ вирусы жұққандығын еске

түсірейік) ойлаймыз. Сондықтан, мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары жан-жақты заңды түрде қорғалуы тиіс, сондай-ақ, сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етіле отырып, келешекте қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін сапалы білім беру жағы да жан-жақты қарастырылу қажет. Бірінші кезекте, баланың өз отбасында тәрбиеленіп, өзі қалаған, өз үйінің жанындағы білім беру мекемелеріне бара алу құқығы туралы айтып отырмыз, яғни, инклюзивтік білім берудің тік білігі: мектепке дейінгі, жалпы, арнайы орта және жоғары білім.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мәселе бойынша Қазақстанда қоғамдық пікір біртекті емес екенін атап өткен жөн. Оны жүзеге асыру, зерттеулерге сәйкес, «кедергісіз ортаны» (пандустарды ұйымдастыру, бір қабатты оқу орны дизайны, сурдоаудармашыларды штатқа енгізу, қоғамдық пайдалану орындарын қайта жабдықтау және т.б.) ұйымдастыру қиындықтарына ғана кездесіп қана қоймай, сонымен қатар, әлеуметтік кедергілерге, атап айтқанда, қоғамдағы кең таралған кері көзқарастармен қарастырылып отырған оқыту формасын қабылдауға оқытушылардың, оқушылардың және олардың ата-аналарының дайын болмауы немесе бас тартулары жатады. Жалпы білім беру мекемелеріне мүгедек-балаларды интеграциялауға не нәрсе кедергі жасайтындарды келесі кестеден көре аламыз (2-кесте).

2-кесте – Жалпы білім беру мекемелеріне мүгедек-балаларды интеграциялауға не нәрсе кедергі жасайды?,%

(Ата-аналар N = 260, оқытушылар N = 276)

	Қоршаған орта кедергілері	Оқу орындарының қаржыландыруы	Оқытушылардың біліктілігі	Білім беру бағдарламалары	Заңнамалар	Қоғамдағы әлеуметтік ұстанымдар	Мүгедек-балалардың ата-аналарының қалаулары
Ата-аналар	96	79,3	78,1	74,8	64,4	57,8	49,6
оқытушылар	97,7	84,6	87,9	90,5	74,3	59,5	46,5

Ескертпе: [12] әдебиет негізінде жасалған

Мүгедектерді де басқа адамдармен тең жағдайда тасымалдау, ақпарат, байланыс және басқа да тұрғыда ашық қолжетімді қызметтермен қамтамасыз ету үшін жағдай жасау мақсатында, денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту және құқықтарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасында 2012-2018 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын жүзеге асыруда. Онда мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қолдауға қарағанда негізінен оңалту шараларын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа базалық тәсілдер қаланды. Мүгедектердің мүмкіндіктері кедергілерге кезіккенде шектеледі, сондықтан, мұндай кедергілерді жою – бағдарламаның басты мақсаттарының бірі. Бұл мәселедегі қарым-қатынастық кедергі, физикалық, ақпараттық және ұйымдастырушылыққа қарағанда да маңыздырақ. Мүмкіндіктері шектеулі жандарға толерантты қарым-қатынасты қалыптастыру және олардың қоғамға енуі кезінде жайлылық сезімін тудыру үлкен проблема болып табылады. Инклюзивтік оқу орындарында білім беру толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеуге ықпал етеді. Инклюзивтік білім беру екі бағытты: бір жағынан, қоғам мүгедектерді тең қабылдауға үйренеді, екінші жағынан – мүгедектер тек «өздерінің» ғана ортасында ғана емес, толыққанды азамат ретінде өмір сүруге бейімделеді.

Әр аймақтың қазіргі қалыптасқан білім беру жүйесін ескере отырып, инклюзивтік білім беруді дамыту стратегиясы эволюциялық және біртіндеп болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Үкіметі инклюзивтік білім беруді дамыту саласында белсенді жұмысты бастауды жоспарлап отыр. Бар көрсеткіштер 5 есе артатын болады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2014-

2018 жылдарға арналған білім берудің стратегиялық жоспарын дайындады. Осы жоспарда инклюзивтік білім беруді дамытуға жеткілікті түрде назар аударылған. Инклюзивтік білім берумен қамтылған балалардың үлесі, инклюзивтік білім беру үшін ұсынылған балалардың жалпы санының ішінде жыл сайын өсетін болады және 2018 жылға қарай бұл көрсеткіш ондай балалардың жалпы санының 40% құрайды деп жоспарлануда [13]. Ал енді осы жоспарды жүзеге асыру үшін көптеген мәселелерді шешу қажет.

Қорытындылар мен ұсыныстар.

Инклюзивтік білім беруді енгізудің бүгінгі күндегі туындап отырған қорытындылары:

– Инклюзивтік білім беру бойынша оқыту үшін ешқандай нормативтік бақылау тетіктері жоқ. Атап айтқанда, психикалық, эмоционалды-ерікті проблемалары бар, ауыр бірнеше олқылықтары бар жандарды инклюзивтік білім беруге кірістіруді қамтамасыз ететін білім беру процесін ұйымдастырудың вариативтік мүмкіндіктері ешқандай құқықтық нормативтермен бекітілмеген;

